

Мектептегі мерекелер №3 (153) 2021 тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Н. Байдрахманова. Жаңартылған білім беру жүйесі – тәрбие кепілі	3
Г. Габдешева. Ел рәміздері – ел рухы	5
Л. Ешниязова. Рәміздерім – мақтанышым.....	10
А. Құлманова. Елбасы – ел тірегі, ел намысы!.....	12
С. Кужахметова, А. Ибраймова. Мұқағали – қазақ поэзиясының Хантәңірі.....	16
Д. Бабаева. Шығыстың қос шынары.....	19
Н. Сапарова. Ата-баба қонысын жауға бермей, тас-талқан етер ұлың бар!.....	21
І. Кәкіш. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте ...	23
Г. Жиенбаева. Оқушыларға рухани тәрбие берудегі ата-ана мен мектептің ынтымақтастығы.....	25
Д. Канатбаева. Отбасы – тәрбие бастауы.....	28
Б. Нургалиева. Бәрі де сүйіспеншіліктен басталады.....	31
Н. Омаров. Жас математиктер	34
Д. Танатарова. Денсаулық зор байлық.....	36
С. Умирбекова. Мақсат – жетістік желкені.....	39
А. Сердалина. Оқушылар шығармашылығы	41
С. Омарадинова. Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз..	43
Л. Кобландина. Мұқағали – мәңгілік ғұмыр	48

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
03.03. 2021 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Табылдиев Әдібай –
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор,
Алматы қаласы.

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Жаңартылған білім беру жүйесі – тәрбие кепілі



**Нұржамал
Сайлауовна
БАЙДРАХМАНОВА,**
№67 жалпы білім
беретін орта
мектебінің
директоры.
Ақтөбе қаласы.

Оқу мен тәрбие егіз, оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Бала тәрбиесі – өте күрделі процесс. Бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі оны қоршаған ортаға, әсіресе отбасы мен ұстаздар қауымының парасаттылығына байланысты. Мемлекетімізде қазіргі таңда сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің де зор қажеттігі туындап отыр. Қазіргі кезеңде тәрбиеге және тәрбие жұмыстарына деген жаңаша көзқарас қалыптасуда. Тәрбие даму ретінде қарастырылады, яғни ол педагогикалық қарым-қатынаста адамдық сапаларды сақтау және қалпына келтіру. Тәрбие

*«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас
ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың
тағдыры ұстаздардың қолында»*

Н.Ә. Назарбаев

жұмысы – педагогтардың нақты міндеті, яғни шәкірт тұлғасын сомдау мәселесін саналы түрде шешуге бағытталған үйлесімді іс-әрекеті.

Тәрбие және тәрбие жұмыстары әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның өзгеше қасиеттерін дамытуы қажет. Әрбір бала – тұлға, өзінше бір әлем, ал әр педагогтың міндеті әр тұлғаны көре білу, жүректеріне жол табу. В.А. Сухомлинский: «Әлемде адам тұлғасынан күрделі, одан бай ешнәрсе жоқ», - деп жазған. Бүгінгі күнде барлық ұстаздардың алдындағы мақсат – өмірдің барлық саласында белсенді, жаңашылдыққа бейім, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады. Оқушы жастардың жүрегін тебіrentіп, ой-сезіміне әсер ету үшін біріншіден, тәрбиеші ұстаздың жаңашыл, жан-жақты энциклопедиялық мол білімі болуы шарт, екіншіден, тәлімгер ұстаз өз бойындағы білімді оқушы жүрегіне еркін ұялата аларлықтай әдіскерлік шеберлігі қажет, үшіншіден, мұғалім оқу-тәрбие үрдісін жүргізу кезінде оқушының психологиялық ой-өрісінің өсу, даму дә-

режесін бақылай, тамыршыдай тап басып білетіндей сезімтал психолог болуы керек. Яғни А.Н. Толстойша айтқанда: «Мұғалім өн бойына өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса ғана ол нағыз ұстаз». Білім мен тәрбиені сабақ барысында ұштастырып, бірлікте оқыту — әрбір ұстаздың басты шарты болса, сынып жетекшілері тек сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да іздене жүріп, оқушылардың бойына тәрбиенің, соның ішінде ұлттық тәрбиенің, ең ізгісін, ең асылын сіңіре білуі керек.

Қазіргі таңда тәрбиенің теориясы мен практикасының өзекті мәселелерінің бірі білім — тәрбие жүйесінің мақсатын белгілей білу. Мәселен, «мен оқушыларымның бойынан қандай қасиеттерді көргім келеді немесе болашақта қандай азамат болып өссе екен деп ойлаймын», осындай сауалдарға жауап іздеу барысында оқушыларға тәлім-тәрбие берудегі басты-басты мақсаттарды анықтап алуға болады. Жаңа заман адамдарын тәрбиелеуде ұстаз қауымына өмірдің өзі осыны талап етіп отыр. Ал ұстаздардың осы талап тұрғысынан табылуы, олардың адам тәрбиесіне өнер деп қарап, үнемі шығармашылықпен іздене жүргізуіне, мектеп басшыларының күнделікті

бақылау басшылығына, әр ұстаздың бойындағы жақсы қасиетті, өнегелі істі танып көре білуіне, оны үлгі-өнеге етуіне байланысты демекпін.

Егеменді еліміздің ертеңі өткен тарихымызбен тығыз сабақтасып келеді. «Жаста берген тәрбие — жас шыбықты игендей», — деп Ы. Алтынсарин айтқандай халқымыздың сан ғасырлық тарихынан өзек тартатын рухани мұрасын ұрпақ бойына сіңіргенде ғана еліміздің жұлдызы жанып, әлемдік мәдениетке ұмтылары айқын. Ел басшысынан бастап даладағы еңбекшіге дейін мектеп босағасынан өтіп, тәрбие алып шығатыны белгілі.

Тәрбие жолы — қиын жол. Өмірді өрнектейтін адам — ұстаз шәкірт алдындағы парызын ешуақытта ұмытпайды. Мүлт етсе үлкен қателік жіберіп алатынын біледі. Ал тәрбиеде кеткен қателікті түзеу оңай іс емес. Мектептегі әр ұстаз ізденуді, білім беруді, баулуды, тәрбиелеуді, шығармашылықпен еңбек етуді абыройлы міндет, айбынды мақсаты деп біледі. Жас ұрпақты білімді, жан-жақты етіп өсіруге әрбір ата-ана, мектеп және бүкіл жұртшылық болып қатысу керек. Сондықтан да ұстаздар қауымы, сапалы білім бере отырып, еліміздің болашақ жастарын ұлағаттылыққа тәрбиелейік!



Ел рәміздері – ел рухы



Гулдана
Тилековна
ГАБДЕШЕВА,
№67 ЖББОМ
КММ-нің тарих пәні
мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

Сабақтың барысы:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

Жүргізуші: Армысыздар құрметті оқушылар және сабағымыздың қонақтары.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы – Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі – 2724,9 мың км². Қазақстан жер көлемі жөнінде дүние жүзі бойынша 9-орынды иеленді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялағаны белгілі. Кез келген мемлекеттің басқалардан ерекшелеп тұратын нышандары болады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 9-бабында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні» делінген. Сондай-ақ осы заңның 34-бап, 2-тармағында «Әркім Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндетті», - делінген «Ел рәміздері – ел рухы» атты тәрбие сағатын бастауға рұхсат етіңіздер.

Негізгі бөлім.

Оқушыларды 2-топқа бөлу. 1-топ. Туған жер; 2-топ. Атамекен.

1-топтың сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының рәміздеріне нелер жатады? (Жауап: Ту, Елтаңба, Әнұран)

2. Қазақстан Республикасының Әнұраны неше рет ауысты? (Жауап: Екі рет)

3. Мемлекеттік Елтаңбада кездесетін аспан денесі? (Жауап: Жұлдыз)

4. Мемлекеттік Тудың ұзындығы мен енінің қатынасы қандай? (Жауап: 2х1 м.)

2-топтың сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қабылданған жыл? (Жауап: 1992 ж.)

2. Мемлекеттік Рәміздер күні: (Жауап: 4 маусым)

3. Мемлекеттік Елтаңбада бейнеленген жануар? (Жауап: Қанатты пырақ)

4. Қазақстан Республикасының жаңа Әнұраны алғаш рет қандай жиында орындалды?

(Жауап: Ел президентін ұлықтау рәсімінде)

Жүргізуші: Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып, 1992 жылы 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер Ту, Елтаңба, Әнұран бекітілді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Жарлығымен 4 маусым «ҚР Мемле-

кеттік рәміздер күні» болып белгіленді. ҚР Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда референдумда қабылданды. 9 бөлім, 98 баптан тұрады. 9-бабында ҚР мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Әнұранның сипаттамасы және ресми пайдалану тәртібі конституциялық заңмен бекітілген. 34-бапта әркім республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті екені айтылады. Мемлекеттік рәміздер белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман аңсарын, басқалармен байланыс мұраттарын білдіреді.

Осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір азамат терең түсініп, оны қастерлей білу керек.

Мақтансаң мақтан елім деп,

Тани біл елдік таңбанды.

Елтаңба, Туың, Әнұран –

Тәуелсіздікке тән белгі –

Қасиетті осы рәміздер.

Еліме рух, мән берді,

Иесі оның мына біздер, - деп тәрбие сағатымызды ары қарай жалғастырамыз.

1-оқушы:

Көк жүзінде көгілдір,

Гүл жайнаған мөлдір нұр.

Қазақстан жалауы –

Азаттықтың алауы.

Желбіреді аспанда,

Отан орны асқарда.

Ендеше елтаңба жайлы, оның мағынасы жайлы түсінік беріп өтейікші.

2-оқушы: Мемлекеттік елтаңбаның авторлары танымал суретшілер Жан-дарбек Мәлібеков пен Шота Аман Уәлиханов. Қазақта «Шаңырағың биік,-

керегең кең, босағаң берік болсын» деген тілек сөз бар. Елтаңба авторлары осы сөздерді басшылыққа алған. Қазақстан Республикасының Елтаңбасы көгілдір түстің үстіне салынған шаңырақ бейнесінен тұрады. Одан жан-жаққа күн сәулесі тәрізді уықтар тарайды. Шаңырақ пен уықтар біздің Отанымызда тыныштықта жарасымды өмір сүріп жатқан көптеген халықтардың бірлігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Елтаңбасының бір бөлігі ертедегі қанатты тұлпар. Елтаңбаның жоғарғы жағындағы бес бұрыш – бақытты өмірге жол сілтейтін жарық жұлдыздың белгісі. Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу республиканың атын көрсетеді. Масақ Отанымыздың байлығы іспеттес.

Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай астында қазақ үй

Қалықтаған жас сұңқар,

Шарықтаған таза күй.

Бұл таңбасы елімнің,

Елдігімнің белгісі.

Бейнелеп сан ғасырды

Елтаңбасы елімнің,

Таратады хас үлгі

Ырымдады болса екен деп сәтті күн.

Бейбітшілік, тыныштықтың нышанын,

Көк туымыз білдіріп тұр тап бүгін.

3-оқушы: Елтаңба

Көгілдір түс аясында шаңырағым шарықтап,

Жүйрік пырақ қанатты тұр қанатымен қалықтап.

Сәулесіндей күннің алтын уықтар тұр шаншылып.

Қасиетті Елтаңбаға қарап тұрсақ анықтап.

Түп төрінде жұлдызым тұр жаңа жанған бағымдай.

Мәңгі бақи тұрса екен өз орнынан алынбай.

Ортасында «Қазақстан» деген жазу жазылған,

Шаттандырып шабыт берген жүрегімнің қанындай.

Шаңырақ тұр арқау болып, бар жүгінді арқалап,

Шаңырағым биік болса шарықтайды шартарап.

Елім үшін шексіз өмір, тіршіліктің нышаны,

Қазақ елі бар әлемге үлгі болып тарқамақ.

Көк кілемдей желде ескен қанатты бар пырағы,

Елтаңбада екі жаққа мойын бұрып тұрады.

Желмаядай жүйрік болған, ай мүйізді пырағым,

Сол пырақпен бейнеленген ата баба тұрағы.

4-оқушы:

Жарық жұлдыз жарқыраған елтаңбаның төсінде,

Баршамызға бағдар берген айлы түннің кешінде.

Міне осындай суреттелген Елтаңбасы елімнің,

Әлі талай сақталады бүкіл әлем есінде.

Ту жайлы айтып өтейік

5-оқушы: Егер де Туға тұтас зер салсаң, автордың оны жасағанда үлкен мазмұнды ойластырғаны байқалады. Ол жер жүзінде әлемге нұрын шаш-

қан Күн сәулесі астында қияға қанат қаққан қыран — тыныштық пен баянды өмірдің белгісі, ал ою-өрнек тудың қай елдікі екенін аңғартады.

Тудың авторы — Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков белгілі монументші-суретші. Біздің туымыз — көгілдір түсті, тік төртбұрышты мата. Ол бірлік пен аман-есендікті көрсетеді. Оның қақ ортасындағы сәулесін шашқан алтын Күн — тыныштық пен байлықтың белгісі.

Қазақ халқы сонау ерте заманнан бері қыранды киелі, қасиетті құс деп есептеген. Туда қыранның орын алуы тәуелсіздік алған Қазақстан қыран сияқты биікте болсын, қыран сияқты ғұмыры ұзақ болсын деген ойдан туған.

Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетеді.

Мереке бүгін бақ күні

Егеменді елімнің

Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы

Желбірейді көк туы

Түсіндей боп көгімнің

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды.

(«Көк тудың желбірегені» әні орындалады).

6-оқушы: Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы — Әнұран. Әнұран мемлекеттің салтанатты әні. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұранды түреге-

ліп, жүректің тұсына қолдарын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіне деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызған.

Мемлекеттік Әнұран – еліміздің музыкалық поэтикалық эмблемасы, әдеби сазды құжаты. Ол халық жүрегінің лүпілін тұмар ғып түйген музыкалық сәлем хат іспеттес.

Жеңістерге қолбасыдай, ерліктердің жолдасындай

Еліміздің әнұраны жүректерде жаңғырады.

Жаршысындай даңқымыздың, жан серігі халқымыздың.

Жүргізуші: Мемлекеттік туымыздың авторы кім?

Шәкен Ондасынұлы Ниязбеков. ҚР Мемлекеттік Туының авторы, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері, Қазақстан дизайн өнерінің негізін қалаушылардың бірі. 1938 жылы 12 қарашада Тараз қаласында дүниеге келген. Ленинград жоғарғы көркем өнер училищесін бітірген. Алматы қаласының бас суретшісі.

Жүргізуші: Қазақстан дейтін Отан анамыздың Елтаңбасының авторы кім?

7-оқушы: Жандарбек Мәлібекұлы. ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Өзбекстанға еңбегі сіңген сәулетші. 1942 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында дүниеге келген. Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетін бітірген. Ташкент қаласындағы ғылыми зерттеу жобалау

институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі, жобалар жөніндегі бас сәулетшісі, қазір Астанада тұрады.

8-оқушы: Шотаман Ыдырысұлы Уәлихан.

ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Қазақстанға еңбегі сіңген сәулетші, мемлекет сыйлығының иегері, белгілі қоғам қайраткері. 1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылында туған. Мәскеу архитектуралық институтын бітірген. «Қазақ қала құрылысын жобалау» институтының қызметкері.

Жүргізуші: Ал Әнұранымыз қалай өмірге келді? Авторлары кім?

9-оқушы: Шәмші Қалдаяқов есімі аталғанда аузымызға бірден халқымыздың әнұранына айналған «Менің Қазақстаным» әні түседі. Иісі қазақтың көкірегінде жыр болып төгіліп, сыр болып өріліп, әндерінің қай қайсысы да халықпен бірге туғандай біте қайнасып, оның бөлінбейтін бөлшегіне айналып кеткен. Халқының жүрегі осыншалықты сыршыл да кәусар саздың құдіретімен баураған ұлы сазгер есімі ұмтылмайды. Халық жүрегінде мәңгі сақталады.

Алғашқы елтаңбалар қашан пайда болған?

Алғашқы нышандарға жататын тотемдік белгілер әлемнің барлық халықтары арасында кең тараған. Негізінен жануарлар бейнесі кескінделген бұл тұмаршалар белгілі бір рулар мен тайпалардың ортақ рәмізіне айналды. Олардың қай қоғамдастыққа жататынын сол тұмаршаларға қарап ажы-

рататын болды. Кейінірек көсемдер мен рубасыларының билік белгілері ретінде бір уыс шөп, жапырақ, құстың қауырсын қанаты, айрықша әшекейлеп жасалған бас киім және басқа нышандар пайдаланылды. Олардың орнын найза, әшекейлі бақандар мен түрлі темір салпыншақтар басты.

Мемлекеттік рәміздерге байланысты қызықты ақпарат пен деректер

Жүргізуші: Жалпылама Қазақстан туралы білімдерінді жинақтайсындар, балалар.

1. ҚР тәуелсіздікті қай жылы алды?
2. Қазақстан — «Еуразияның кіндігі» деп неліктен аталады?
3. Жер көлемі жағынан Қазақстан нешінші орында?
4. Еліміздің жер көлемі
5. Қазақстанда қанша облыс бар?
6. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?
7. ҚР неше мемлекетпен шектеседі?
8. ҚР тұңғыш президенті кім?
9. ҚР жаңа Астанасын атаңыз
10. ҚР-ның рәміздерін атаңыз.

Қазақстанға саяхат

Қазақстанның өзендері, көлдері, облыстары, таулары, жазықтарының аттары аталады. Картадан көрсету керек.

Мұнайлы өлке (Батыс Қазақстан), Қазақтың ұсақ шоқысы (Сарыарқа), Күріш өсіретін аймақ (Қызылорда облысы), Ең ірі өзен (Ертіс), Еліміздің бас қаласы орналасқан өзен (Есіл), ең ірі тау (Тянь Шань)

Қорытынды.

Мұғалім: Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың жана ұрпағы, ең алдымен бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Қазақстанға сендердің жасампаз еңбектерін, сендердің күш жігерлерің және сендердің білгендерің қажет. Отан сендерге зор үміт артады. Сендер оны ақтап шығатындарына сенімдімін. Отаншылық сезімі, өз еліңе деген мақтаныш оның рәміздеріне деген құрметтен басталады» деген. Сондықтан оқушылар елбасымыздың сенімін ақтайтындай азамат пен азаматша болайық дегім келеді. Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бүкіл халқымызды жұмылдырып, рухтандырып тұрады. Осындай халық қамын ойлаған азаматы бар қазақ елін бүгінде әлем таниды.

Құрметті оқушылар! Сендер тәуелсіз еркін елде ер жеткен ұлансыздар. Ендігі жерде еліміздің тағдыры, Қазақстан ертеңі өз қолдарыңызда. Туған елімізді жоғары дамыған елдер қатарына енгізетін мына сендерсіңдер. Ол үшін сендер терең әрі жан-жақты білім алу керексіңдер, - дей келе бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу — елді, халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қастерлеу болып табылады.

Жүргізуші: Туымен — тұғырлы, Елтаңбасымен — еңселі, Әнұранымен айбатты ел! Қош сау болыңыздар.

Рәміздерім – мақтанышым



Ляззат
Жалғасбайқызы
ЕШНИЯЗОВА,
«№67 ЖББОМ»
КММ-нің
ағылшын тілі
пәні мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

Мақсаты:

Білімділік: еліміздің тарихы туралы түсінік беру, халқының тегін білуге үйрету;

Тәрбиелік: оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, адал қызмет етуге тәрбиелеу;

Дамытушылық: елінің туын, Елтаңбасын, Әнұраның кастерлеп, бағалау қажеттігін айту;

Сабақтың әдісі: ой-пікір, әңгіме түрінде.

Көрнекіліктер: ҚР рәміздері, Тәуелсіздік күніне байланысты газет.

Тәрбие сағатының барысы.

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

ҚР Әнұраны айтылады.

I. Кіріспе.

Мұғалім: «Елім менің аңсаған, тас бұғаудан босаған» қоғамда өмір сүруші әрбір адам тәлім-тәрбиесіз, өнер-білімсіз, еңбексіз өмір сүре алмайды. Сондықтан ана сүтімен, әкенің ыстық ықыласымен, ұстаздың ұлағатымен балалық шақтан өмірді таныта тәрбиелеуге мүмкіндік беретін қарым-қатынас құралы — тіл. Осы тіл арқылы баланың әлемді танып білу, ойлау,

сөйлеу қабілеті жетіліп, сөздік қоры молая бастайды...

II. Негізгі бөлім

1-оқушы: XVIII-XIX ғасырларда халқымыз еркіндік пен тәуелсіздігінен айырылды, көмек күткен Ресейіміз қазақ халқын аздыра бастады. Ұлан ғайыр даламыз империя меншігіне айналды.

XX ғасыр 1916 ж. маусым жарлығына жігіт бермейміз деп қарсылық көрсеткендер оққа ұшырады, қаншасы өз жерінде қырғын көрді.

2-оқушы: Тіршіліктің асылы мен жасығын таразылайтын тарихқа зер салсақ, XX ғ. біздің халқымызға сыйлаған ғаламат оқиғасы — мемлекеттің тәуелсіздігі.

Жалғанның, жартысындай қазақ елі,

Алғандай көздің жауын сұлу жері
Ақ пейіл, дархан көңіл халқымыз бар,

Болғандай бірі батыр, бірі сері

3-оқушы:

Батырлықтың уызына жарыған,
Ер түркіні байрағынан таныған
Өзі ақын, өзі әнші халықта

Кім айта алар болмаған деп Әнұран

4-оқушы: Гректің «гимн» сөзі қазақша «ұран», «ұран салу» деген ұғымды білдіреді. Басқа ұлттар секілді қазақ елінің де әрбір ру тайпасының таңба белгілері, жалаумен қатар, Әнұраны да болған. Елді жау шапқанда жер-жердегі сарбаздары жинауға ат шаптырып, ұран салады, хабар береді. Кезінде сарбаздарға рух берген, жауға қарсы



ерлікпен күресе білуге жұмылдырған.

5-оқушы: ҚР Әнұранында адамға зор рухани әсер ететін күш, өйткені халықтың, ұлттың, мемлекеттің, елдің бірлігінің нышаны бар.

6-оқушы:

Иә, бәрі болған қараң сынды көне елде,

Ел белгі де, ерлік өнер де.

Жапандағы ең жауынгер халықта,
Кім сенеді «Ту болмады» дегенге?

Сондай бір қиын-қыстау кезеңде ұлы дана бабаларымыз Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би Ордабасында кездескеннен кейін, Әбілхайыр хан үш жүздің басын қосып, Бөгенбай батырға қазақтың туын ұстатқан.

7-оқушы:

Бас білгізіп жер тарпыған тарлаңға,
Жасы тұрмақ шығады екен қарты аңға.

Қалай оның Елтаңбасы болмайды,
Түлігіне дейін салса ен — таңба.

8-оқушы: 1992 ж. 4 маусым — тарихи күн. Сол кезде Республика жоғары

Keңесі тәуелсіз ҚР мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. 1992 ж маусым айында тұңғыш президент Н. Ә. Назарбаев ұлт Туына тағзым етті.

9-оқушы:

Енді бүгін өлген Туым тірілді
Әнұраным жалғап алды ғұмырын
Босағада қалып кеткен Елтаңбам,
Қасиетті төрге әкеліп ілінді.

«Менің Қазақстаным» әні орындалады.

III. Қорытынды:

Мұғалім: Қазақстан ХІХ ғ нық қадам жасап, игілікті жаңғырулар жолында едәуір ілгері басты. Бүгінгі таңда бүкіл халықтың, барша жұртшылықтың, және ел басшысының ой-ниеті тұрақтылықты, азаматтық, дінаралық және ұлтаралық татулықты сақтауға, экономикалық өрлеуге жемісті ынтымақтастыққа бағытталып отыр. Сондықтан елдің болашағы да өркені де бүгінгі жас ұрпақ сіздің қолдарыңызда «Ел үмітін ер ақтар, ер үмітін ел сақтар» демекші, ел үмітін ақтау сіздермен өлшенбек.

Елбасы – ел тірегі, ел намысы!

Шараның мақсаты: Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өмір жолын, Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаудағы ерен еңбегін, тұлғалық тұғырын мақтаныш ету, Елбасының еңбектерін, елбасы туралы, Қазақстан туралы әлем саясаткерлерінің лебіздерін насихаттау. Жастарды елжандылыққа, азаматтыққа баулу, болашаққа деген оң көзқарастарын қалыптастыру.

Өтетін орны: акт залы.

Қатысушылар: 5-11 сынып оқушылары.

Үгіт тобы: мектеп оқушылары.

1-жүргізуші: Қош келдіңіздер, құрметті ұстаздар мен шәкірттер, ата-аналар, қадірменді қонақтар!

2-жүргізуші: 1 желтоқсан — Тұңғыш Президент күні мерекесі.

Бірге: Құтты болсын!

Тәуелсіздігіміздің арқасында көгімізде туымыз, төрімізде Елтаңбамыз, аспанымызда әнұранымыз мәңгі қалықтасын! Шарамызды Елбасының сөзіне жазылған **Әнұранмен** бастасақ. Сөзі: Ж. Нәжмадинов пен Н. Назарбаев, Әні: Ш. Қалдаяқов.

1-жүргізуші: Кешіміздің ашылу сөзін мектеп директоры Бақтыгул Қадіроваға береміз.

1-жүргізуші:

Бар әлемге шын танылдық міне, біз,
Елін сүйген Елбасы деп білеміз.

Тең аталып Қазақстан — Нұрсұлтан,
Нұрсұлтан мен Қазақстан тұр егіз.

Күнге беттеп бара жатыр көш жүріп,

Елдің даңқы бар жаһанға естіліп.

Елбасыны құрметтейтін ерекше

Армысыздар, ақпейілді көпшілік!

2-жүргізуші:

Азаттық пен елге қонды тосқан бақ,
Қазақ елін мойындауда дос тандап.
Елбасының еңбегімен нұрлана
Қазағымның мерейі тұр аспандап.

Елі үшін ол жасалып қиырдан,

Ықпаған еш ауыртпалық, қиыннан.
Мерекеңіз құтты болсын, көпшілік,
Елбасының құрметіне жиылған!

1-жүргізуші: Құрметті көрермендер, оқушылар! Біз бүгінгі шарамызды саясаттың сара саңлағы, бүкіл әлем мойындаған дара тұлға, алғыр басшы, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнаймыз. 1 желтоқсан — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні құтты болсын!

1-жүргізуші: «Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол — Тәуелсіз Қазақстан» деп Елбасымыз айтқандай, кең байтақ Қазақстан — туған Өлкеміз, оны сүйіп құрметтеу — барлығымыздың парызымыз. Елбасымыз — Қазақстан елін дамытып, одан әрі өркендеуіне басшылық жасап отырған ерекше тұлға. Біз Елбасымызды мақтан тұтамыз!

«Аралым» әні орындалады.

2-жүргізуші: Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдас-тық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең, дәу-

летті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы — біздің мемлекеттің Тәуелсіздігінде.

1-жүргізуші: Тәуелсіздік халқымыздың, талай ғасырлардан бері ата-бабамыздың ежелден көксеген арманы болғаны — тарихи шындық. Сондықтан бұл тарихи шындықты әрбір қазақ жүрегімен түсінетіні хақ. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы тәуелсіздікке қол жеткізуіміз үшін сарабдал басшылығымен жасап келе жатқан зор еңбегін қазақ халқы жақсы біледі. Елбасының басшылығымен Қазақстан әр салада зор жетістіктерге қол жеткізді. Елбасының ерен еңбектері, халыққа жасаған қызметі ауыз толтырып айтарлықтай екенін күнделікті өз тұрмысымыздан да көріп жүрміз. Тіпті өзімізді былай қойғанда, әлемнің көптеген озық елдерінің басшылары да тарихи шындықты мойындап, қазақ елін құрметтейтінін көріп отырмыз.

«Елім менің» әні орындалады.

2-жүргізуші: 2014 жылы 11 қарашада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты жолдауы мемлекет дамуының жаңа бағыттарын айқындап берді.

Бірге: Бір халық, бір ел, бір тағдыр!

1-жүргізуші:

Құтты болсын Президент мерекесі,
Мықты болсын елімнің керегесі!

Тату-тәтті боп халқымыз әрқашан,
Кетпесін туған жердің берекесі.

«Бақ далам» әні орындалады.

2-жүргізуші: Ардақты ағайын, 1991 жылы 1 желтоқсанда алғаш рет Қазақ ССР Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтіп, ол сайлауда Нұрсұлтан

Әбішұлы Назарбаев ел Президенті болып сайланғаны баршамызға мәлім. Яғни, өз тағдырын өзі айқындауға алғашқы қадам жасаған Қазақстан үшін 1 желтоқсан — мемлекеттілік тарихының мерейлі күні саналуға орны лайықты.

1-жүргізуші:

Бір басында кеменгерлік, даналық,
Елін сүйген елі үшін жаралып.

Сол кісідей болса — болсын әр алып,
Адамдықтың аласармас үлгісі.

Бір өзінен жатқаны шын таралып,
Бүгін Тұңғыш Президенттің күніне
Әсем әнді шырқата бір салалық!

«Қазақстаным» әні орындалады.

2-жүргізуші:

Елі үшін көтеріп нар жүгін де,
Сенімі нық сезілетін үнінде.

Аты озған дүниедегі дүбірде

Нұрсұлтанмен кім мақтанбас бүгінде?!

1-жүргізуші: Ендігі кезекте Елбасымыздың өмірбаянына тоқталып өтейік.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысының Қаскелең ауданына қарасты Шамалған ауылында Әбіш пен Әлжанның отбасында дүниеге келген.

1960 жылы Днепродзержинск техникалық училищесін, 1967 жылы Қарағанды металлургия комбинатына қарасты техникалық оқу орнын, 1976 жылы Кеңес Одағы коммунистік партиясы Орталық комитетіне қарасты Жоғарғы партия мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1960 жылы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында қатардағы жұмысшы болып бастап, домна пешінің аға газдаушылығына дейінгі жолдан өтті.

1960-69 ж. Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.

1969-73 ж. Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.

1973-77 ж. Қарметкомбинаттың партком хатшысы.

1977-79 ж. Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы.

1979-84 ж. Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы.

1984-89 ж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы.

1989-91 ж. Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы.

1990 ж. ақпан-сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болды.

1990 ж. сәуірінен Қазақ КСР президенті.

1991 ж. желтоқсанның 1-інде Қазақстан Республикасы Президенті үшін жалпыхалықтық сайлау өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7%) жеңіске жетті.

1995 ж. сәуірдің 29-ында жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттілігі 2000 ж. дейін ұзартылды. 1999 жылдың 10 қаңтарында өткен Жалпыхалықтық сайлаудың нәтижесінде Н. Назарбаев 79,78% дауыс алып, Қазақстан Республикасы Президенті болып қайта сайланды.

2005 жылы желтоқсанның 4-інде сайлаушылардың 91,5% дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды. Келесі кезекті тағы да бір әнге берсек.

«Туған жердей жер болмас» әні орындалады.

2-жүргізуші: Елбасымыз — көптеген халықаралық наградалар мен құрметті атақтарға ие тұлға.

- Экономика ғылымының докторы.

- Халықаралық инженерлік академиясының академигі.

- Ресей Федерациясы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі.

- Әбунасыр әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің Құрметті профессоры.

- Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы.

- Қазақстан Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы.

- Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы.

- «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының төрағасы.

- ЕҚЫҰ төрағасы.

1-жүргізуші: Елбасы — бірқатар ғылыми еңбектердің, ғылыми қоғамдық-саяси тақырыптағы кітаптардың авторы. «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде», «Еуразия жүрегінде», «Тәуелсіздік белестері», «Қазақстан жолы», «Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы мен өркениеттер серіктестігі» атты еңбектердің, сонымен қатар Әнұранның, «Үшқоңыр», «Сарыарқа», «Елім менің» әндері сөздерінің авторы.

4-5 сынып оқушыларының орындауында «Қазақша би».

2-жүргізуші: Парижде өткен ЕХРО Халықаралық көрмелер бюросы Бас Ассамблеясының 152-сессиясында

EXPO-2017 Халықаралық көрмесінің Астана қаласында өтетін болып шешілуі де еліміз үшін маңызды. Астанада EXPO-2017 көрмесін өткізу, Елбасы атап өткендей, Еліміздің дамуына инновациялық серпін береді.

Елі үшін көтеріп нар жүгін де,
Сенімі нық сезілетін үнінде.
Аты озған дүниедегі дүбірде
Нұрсұлтанмен кім мақтанбас бүгінде?!

1-жүргізуші:

Қазақ елі желбіреп көк байрағы,
Гүлге оранды ауылы мен аймағы.
Нұрсұлтаның биіктерге бастады,
Ол көрсеткен нұрлы жолдан таймаған.

«Елбасына арнау» өлең оқу Сәуелханова Нұрайым.

2-жүргізуші: Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекеттің бірлігін, Конституциясын, Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы ретінде танылды. XX ғасырдың соңында көптеген мемлекеттер өздері тәуелсіздік алған елдердің кейбірі кедейшілік қыспағында болды. Біздің қазақ елі үшін де бұл кезең оңайға соқпады. Сол бір қиын-қыстау кезеңді өткеріп, даму мен өркендеу жолына қарыштап қадам бастық. Бұл елім деген ерлердің ерен еңбегінің арқасы. Әсіресе, елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың атқарған еңбегінің орны бөлек. Бүгінгі таңда бар әлем халқы біздің еліміздің тәуелсіздігін мойындап, еларалық қарым-қатынас орнатуға тырысады. Бұрын «Қазақстан» деген мемлекетті танымайтындар, енді бізге тандана қарай бастады. Бұл көшбас-

шымыздың халықаралық беделі деп түсінеміз.

1-жүргізуші: Елбасымыз жиырма жылдан астам ел басқарып келеді. Осы кезде қазақ халқы үшін таң қалатын түрлі сәулет өнерін тұрғызды. Мәселен, соның бірі – Астана қаласы. Бүгінде Елбасы десек Астана, Астана десек Елбасы ойымызға оралады. Елбасының бастамасымен астанамыз болып 1998 жылы Астана қаласы бекітілді. Қаланың бүгінгідей көрсе көз тоймайтын сұлу келбеті, әлемді сүйсіндірген керемет көріністері – Елбасының сарабал саясатының арқасында қол жеткізген жетістігіміз.

«Ана тілім» әні орындалады.

2-жүргізуші: Иә, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев президент болғалы аз уақыт ішінде қаншама жетістіктерге қолымыз жетті. Елбасы қазақ елінің әлемдік бәсеке дәрежесіндегі даму жарысына батыл араласып, қиын да күрделі, ауыр да абыройлы жолын ғасырлар тоғысында бастады. Және мың салалы мемлекеттік істі адастырмай дұрыс жолға қоя білді. Бұл қазақ халқының маңдайына біткен бақыты мен мақтанышы, бүгінгі елдің жарқын өмір сүруіне жасалып жатқан нақты кепіл деп мақтанышпен айта аламыз.

1-жүргізуші: Елбасы – үлкен саясаткер болумен қатар жан-жақты дамыған тұлға, барлық қазақ азаматтары сияқты домбыраны жақсы көреді. Сондай-ақ өнерге де, спортқа да көп көңіл бөлетін адам.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй», - деп ақын

Абай атамыз айтпақшы кезегімізді әнге берейік.

«Ел басы елдің тұтқасы» әні орындалды.

1-жүргізуші: Елбасымызды құрметтейік! Оның жеткен шындарына ұмтылайық. Осы тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңге жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін ұрпақ екенімізді ұмытпайық! Еліміздің тәуелсіздігі мәңгі болсын!

2-жүргізуші: Осы бағытта тынымсыз еңбек ете білейік! Болашақ еліміздің дамуы мен одан әрі жетілуіне өз үле-

сімізді қосайық! Ел басқарған Елбасымыз аман болсын!

1-жүргізуші: Ел-аман, жұрт тынышта жолығайық.

2-жүргізуші: Бейбіт күндер көп болсын.

Бірге: Тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет, қош сау болыңыздар.

Айсұлу
ҚҰЛМАНОВА,
№22 орта мектеп тәлімгері.
Ақбасты елді мекені,
Арал ауданы,
Қызылорда облысы.

Мұқағали – қазақ поэзиясының Хантәңірі

Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы мен өмірін насихаттау, поэзияға деген қызығушылығын арттыру, ақын шығармалары арқылы өз елін, жерін сүйуге үйрету, кітап оқуға тарту.

Жүргізуші:

Бүгін менің туған күнім.

Ой бәлі-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай!

Банкет жасап берер едім өзім-ақ,

Тәңірдің бір жарытпай ақ қойғаны-ай.

Мына дүние неге жатыр үндемей?

Алаулатып тойдың шоғын үрлемей.

Құшақ-құшақ гүл шоқтарын лақтырып,

«Мынау – шапан,

Мынау – атың, мін» - демей.

1-оқушы: Жо-жоқ, Мұқағали аға, сіздің туылған күніңізді бүкіл қазақ халқы естен шығарған емес. Қазақ жырының аспанындағы жұлдыздардың ішінен сіздің жұлдызыңыз – ең биік жұлдыз.

Мұқағали аға, сезесің бе, сезесің бе, Еліңді аралап жүр елесің де.

Әндерің шырқалады әр ауылда, Сөздерің әр қазақтың өресінде.

Халқыңның ақыны болып жаралғансың,

Қарасаз топырағынан нәр алған-
сың.

Қазақтың қара өлеңін шекпен
жауып

Қайтарып аңыз болып таралғансың.

Мұқағали Мақатаевты ұрпағы еш-
қашан ұмытқан емес. Мұқағали бір
ғасырда бір рет келетін, қазақ поэ-
зиясының алтын домбырасы дерлік-
тей хас талант иесі. Мұқағалидың әр-
бір өлеңін қымбат қазынадай оқуы-
мыз керек. Ендеше, құрметті жинал-
ған қауым! Мұқағали Мақатаевтың
туылғанына 90 жыл толуына арнал-
ған «Мұқағали — қазақ поэзиясының
Хантәңірі» атты әдеби кешке хош
келдіңіздер!

Бүгінгі кешімізді ашып беру үшін
алғашқы құттықтау сөз кезегі мектеп
директорының тәрбие ісі жөнінде-
гі орынбасары Балабаева Әсел Мей-
рамханқызына беріледі.

Жүргізуші:

Жарқыра, жарқырайсың шын асыл-
дай,

Тереңде жатыр қанша сыр ашыл-
май.

Маржан жыр өткерілген намысым-
ды,

Халықтың қасиетті мұрасындай.

Жылатқан, толғандырған күлімдет-
кен,

Жан аға, құдіретті үнің неткен.

Мәңгілік, сағыныштың толқында-
ры,

Сезімнің айна көлін дірілдеткен.

Жүргізуші: Мұқағалидың әрбір өле-
ні адамның жансарайын жаңғыртып,
ой санасын сәулелендіреді. Оның әр-
бір өлеңі шын тебіреністен, шын ша-
быттан, шын күйзелістен, шын қуа-

ныштан, шын сағыныштан туған. Өл-
мес өнері — өлеңі елінің жүрегіне жол
тауып, бүкіл халықтың сүйіспеншілі-
гіне бөленген қазақтың ұлы перзенті-
нің ұрпаққа ұран болған жырларын елі
естен шығармайды. Мұқағали поэзия-
сы — таңғы шықтай мөлдір, сырлы да,
мұңлы поэзия.

(«Ойлы жас», «Өмір деген не де-
сем», «Өмір — өзен», «Таудай болғым
келеді» өлеңдері оқылады)

Көрініс: Мұқағали мен Лашынның
сырласуы.

Жүргізуші: Мұқағали Мақатаев өзі-
нің қамшының сабындай қысқа ғұмы-
рында, бір тақырыпты, бір кейіпкер-
ді, ал арман-тілегі — адамдардың әрі
адамзаттың бақытты өмірі. Иә, әрбір
адамға өзінің елінен, туып өскен же-
рінен артық жер жоқ. Ақынның еліне,
жеріне, Отанына арналған өлең жыр-
ларына кезек берсек.

(«Отан», «Пай, пай», «Шеше, сен
бақыттысың», «Түсін шеше», «Қазақ
жері» өлеңдері оқылады)

Жүргізуші: Мұқағали Мақатаевтың
біраз өлеңдерін тындап, таныстыңыз-
дар. Енді Мұқағали туралы әліде де
тереңірек танысу үшін сіздерге сұрақ-
тар қойғым келіп отыр.

1. Мұқағали Мақатаев қай жылы дү-
ниеге келді? (1931 ж. 9 ақпан)

2. Мұқағалидың туған жеріне арнап
жазған өлеңі қалай аталады? (Қарасаз)

3. Мұқағалидың сөзіне жазылған
қандай әндерді білесіңдер? («Саржай-
лау», «Наурыз думан», «Сәби болғым
келеді», «Бақыт деген», «Фаризаға»,
«Жас қайын», «Аңса, жаным», «Мек-
тебім», «Дариға, домбырамды берші
маған»)

Әліппе	ABC
Бар кітапқа бас болған, Әліппе ғылым ағасы. Әліппеден басталған, Даналықтың данасы. Мектебің мынау, класың, Осында он жыл тұрасың. Тарыдай болып кіресің, Таудай болып шығасың.	ABC is the headway, Starter of knowledge. From ABC, it begins, Straightway to science. Ten years you enter This school to grow, From miller – kids, To mountain deeds.
Қазақстан	Kazakhstan
Жақсаттанды демессің, сүйем десем, Табынатын тәңірім, ием де сен. Адам болып күн кешу қиын маған, Арқа тұтып өзіңе сүйенбесем.	Saying not this to favour You When I say, I love Thee! Being a man is scarcely true Sans support and back of you.
Қазақстан!	Kazakhstan!
Пай, пай пай! Ардағым-ай! Сен менің Шолпанымсың жанған ұдай. Өзінде өмір сүрген қандай бақыт, Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!	Oh, dear Lord! My shining star, behold! You bless the man who live my Ljrd, With love eter that tnar untold For this sacred plase of world.

Жүргізуші: Не бәрі 45 жас жасаған ақын артына мол мұра қалдырды. Мұқағалиды қазақ поэзиясының Хантәңірі десек артық айтқандық емес. М. Мақатаевтың көптеген өлеңдері ағылшын тіліне аударылды.

Жүргізуші:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сия ма айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? - деп Абай атамыз жырлағандай, 45 жыл ғана қысқа ғұмыр ішінде халқына өшпес мұра қалдырған ғасыр ақыны Мұқағали жырларынан біраз

сусындағандай болдық. Әрине, ақынның мол таусылмас мұрасын бір күнде, бір сағатта оқып білу мүмкін емес. Ақын шығармалары ұрпақтан-ұрпаққа тарап, жалғасын таба береді. Ендеше, М. Мақатаевтың туылғанына 90 жыл толуына арналған «Мұқағали – қазақ поэзиясының Хантәңірі» атты әдеби кешімізді аяқтаймыз.

**Сауле КУЖАХМЕТОВА,
Айзағира ИБРАЙМОВА,
М. Мақатаев атындағы №14 орта
мектебінің кітапханашылары.
Тараз қаласы.**

Шығыстың қос шынары



**Дидар
Жарболовна
БАБАЕВА,
№67 «Жалпы
білім беретін
орта мектебі»
коммуналдық
мемлекеттік
мекемесінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.**

Мақсаты: Оқушыларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік ісімен таныстыру, өжет мінезді Әлия мен Мәншүктің қайсарлығын, ұлт жандылығын, бүгінгі ұрпаққа үлгі ету.

Көрнекілік: Әлия мен Мәншүк суреттері.

Жүргізуші:

Әлия, Мәншүк — ер қыздары елімнің

Әлия, Мәншүк — гүл қыздары елімнің

Әлия, Мәншүк — аттары әнге айналған

Әлия, Мәншүк — қос жұлдыз көкте жайнаған.

1. Мәншүк тобы

2. Әлия тобы

Жоспары:

1. Топ әні;
2. Капитан сайысы;
3. Сұрақ, жауап, мақал-мәтел;
4. Спорттық сайыс (нысанаға көздеу);

5. Топтық би.

Жүргізуші: тарих көші үнемі жана-рып отырады. Десе де ұмытылмайтын оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен аналарымыздың ерлігін ешкімде ешқашан ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22-де болған еді. Бірақ бұл кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік көрсеткен, ерлермен бірге қан майданда мылтық асынып өз отанын жаудан азат еткен апаларымыз көп болды. Атап айтсақ, Мәншүк Мәметова және Әлия Молдағұлова. Бүгінгі тәрбие сағатымыз осы батыр апаларымыздың ерлігіне арналады.



Молдагулова Алия

Маметова Маншук

Бүгінгі сабақ — сайыс сабақ.

Оқушылардың білімдерін бағалайтын әділқазылармен танысайық.

Шаттансаң қыз тудым деп қазақ шаттан.

Әлия, Мәншүк Отанына болған мақтан, - деп Әлия мен Мәншүк тобы сәлемдесулерін жолдайды.

Ұраны, киімі, төс белгі, бұйрық беру.

1. Сәлемдесу.

I. Топ әні.

Отан деген — сөз көкейде жатталып,
Зор айқасқа кеттік біздер аттанып.

Біз сендердей қыдырмадық кешқұрым,

Біз сендердей арман гүлін тақпадық.

II. Капитан сайысы.

Көтерген қауіп қысқанда,
Жасымай талай қиыннан.

Барлаушы боп дұшпанды,
Талай адам ерлігімен таңғалтқан.

Капитандарды барлаушы деп олардың қырағылықтарын анықтау.

(Уақыт — 3 минут сурет плакат салу, әңгімелеу)

III. Спорттық сайыс.

Отан ана жылағанда шерленіп,

Тапжылмаған шөгеді екен жерге бұлт.

Қара бұлтты қақ жарайық дедік те,

Қолымызға қару алдық ерленіп-дегендей ерлік жолындағы талпыныстарын бақылайық.

IV. Өмірінен деректер.

Қатар тұрмыз, қатар жүріп келеміз,

Қатар жүріп қырдан гүлдер тереміз,

Бізді қайта туды Отан, ел егіз, - дей отырып, өмірінен деректерді еске түсірейік.

Сұрақ-жауап.

Әлия тобына:

1. Мәншүктің шын есімі?
2. Мәншүк туған облыс?
3. Әлияның туған ауылы?

4. Мәншүктің туған жылы?

5. Әлияның туған жылы?

6. Әлияның шын есімі?

7. Әлияның өлген жылы, айы?

8. Рейстаққа ту тіккен қазақ жауынгері?

9. Ақтөбе облысы, Абай ауданынан шыққан Кеңес Одағының батыры?

10. Мәншүктің қайтыс болған жылы, айы?

Мәншүк тобына:

1. Соғыс қашан аяқталды?

2. Соғыс қашан бітті?

3. Тылда еңбек еткен тарының атасы?

4. Тылда еңбек еткен күріштің атасы?

5. Мәншүктің пулеметінің аты?

6. Қазақ ұшқышы Кеңес Одағының Батыры?

7. «Әлия» әнін орындайтын атақты әнші?

8. Мәншүк неден шыққан ат?

9. Әлия мен Мәншүкті қалай атаймыз?

10. Ақтөбе облысынан құралған атқыштар дивизиясы?

V. Топтық би.

Әлия — өмір ерліктерден құралған, Тарих үшін қас-қағым сәт мұң алған. Сан ұрпақтар үлгі етеді оны әлі, Ерлігімен елдің атын шығарған.

Сондықтан да біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерін әрқашан қастер тұтамыз. Олардың ерлігі ешқашан естен шықпақ емес. «Батырдың өзі өлсе де, аты өлмейді». Отанымыздың — өр сезім батыр қыздары. «Шығыстың қос шынары» - атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Ата-баба қонысын жауға бермей, тас-талқан етер ұлың бар!



**Назгуль
Мырзахмеқызы
САПАРОВА,
«Зайсан аудандық
балалар музыка
мектебінің»
Актерлік шеберлікке
даярлау сыныбының
мұғалімі.
Зайсан қаласы,
Шығыс Қазақстан
облысы.**

Мақсаты: Ұрпағымызды халқымыздың ұлттық құндылықтарына баулу және интеллектуалдық қабілеттерін арттыру. Актерлік шеберліктерін шыңдап, сөйлеу шешендіктерін қалыптастыру.

Сабақтың түрі: танымдық ойын сабағы.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, әдебиет.

Көрініс тарихи оқиғалар және Оралхан Бөкейдің «Айпара» повесті мен Мұхтар Шахановтың поэмалар желісімен құрылған.

Ойынға қатысушылар: Ана, Ғайша.

(Музыка әуені жайлап басталып, шымылдық ашылады. Сахна төрінде, биікте ақ жаулықты бүкіл қазақтың Анасы отырады. Ол қазақ еліне алаң. Елімен бірге мұңайып, бірге қуанады. Тарихты баяндай отыра, халықты жұбатады, рухтандырады, жігерлендіреді. Жастарымызды патриоттыққа жетелейді. Сахнаның тура ортасында көгілдір өзен түстес матадан өзен ағып жатқандай толқындалып тұрады. Яғни,

сахналық декорация құрылады)

Ана: (Монолог) Бұл өмір — өзен... Бұл өмірге кімдер келіп-кетпеді десейші...

Қазақ даласы... Қазақстан даласында сан ғасырлар бойы көптеген тайпалар мен халықтар өмір сүрген. Қазақ халқы бөлініп, өз ұлттық аумағын 15-16 ғасырларда құрды. Қазақ болып қалыптасты. Сан ғасырлар тарихын басынан кешірді. Қазақ хандығы 1466 жылы құрылды. Хандықтың іргесін қалаған қазақтың алғашқы хандары Керей мен Жәнібек еді...

Бұл қазақ басынан не өткермеді? Сол бір сұрапыл қанды жыл. Анасы баласынан, баласы әкесінен айырылған, зар жылатқан 1941-1945 жылдар...

Ұлы Отан соғысы...

Ей, сайын дала, сенің күндізгі қырқыстан әбден мезі болған тұла бойыңның талықсып, мәңгі тыныштыққа қолың жетпейтінін біле тұра, жалқы сәттік беймезгіл мызғуынды көксеп барып, көсіле құлайтынынды сезінетінмін мен бейбақ.

Ей, сайын дала, сен түні бойы үн-түнсіз егіліп, сахар алдында ертеңгі күннің қамына кірісетінсің. Мен анау ес-түссіз өлі ұйқыда жатқан жетім-жесір елдің келер түнге нешеуі ілігіп, нешеуі сенің суық, әрі ыстық қойнына кіретінін топшылайтынмын.

- Жыла, жыла, ей ару — ана! Саған бәрі кешірімді. Өйткені, осынау алапат сойқан соғыстың, итше ырылдасқан үзірі жоқ таты тірлігіне сен кінәлі емессің!

Мұхтар Шаханов «Ғайша» (Музыка

әуені өзгереді. Өзеннің арғы бетінен Ғайшаның образын сомдайтын оқушы Ғайша сөзімен ортаға шығады. Оқушы Ғайшаны сезініп, әрбір сөзін айтқанда, қимыл-қозғалысын актерлік шеберлікпен көрерменге жеткізе білуі абзал).

Ғайша жеңгей сүйген жарын аттандырды майданға...

Сүйген жүрек серттен оңай тайған ба?

Соғыс бітті.

Ал күйеуі келмеді.

Үш жыл күтті

Бес жыл күтті...

Өлді деген суық сөзге сенбеді.

Тұманға орап тілекті

Тағы төрт-бес жыл өтті.

Тәтті арманын көңіліне тоқ санап,
Күте берді сағат санап, сәт санап.
Кейде аусар тағдырына нала боп
Көкірегінде маздап, ұйтқып жанады
от.

Тым құрыса,

Тым құрыса, құдай-ай,

Алданыш қып отыратын бала жоқ.

Артса да үміт бір күннен соң бір күнге,
Жалғыз жанға жараспайды күлкін
де.

Болмады ғой.

Болмаған соң ақыры

Көрші қартқа ерге шықты бір түнде.

Сол түн тыныш ұйықтады
Жаңа үмітін жағып бір,
Кеудесіне қанағаттан тағып гүл...
Ал таңертең арман болған күйеуі
Терезені қағып тұр.

Ғайша сорлы күйіп кетті бұл қорлықты көргенде,

Тастай қатып қалды тілсіз, естен тана үдеріп,

Сонан кейін шашын жайып жіберіп,
Күйеуінің аяғына құлады.

Құлап жатып ағыл-тегіл жылады,

Жылап жатып зарлады,

Өзін-өзі жерге соғып қарғады.

... Махабаттың құм секілді мінезі
жоқ сырғыма,

Жүргенмен көп опық жеп алданып...

Ғайша кенет орнынан сүйретіліп
тұрды да,

Бір ғана ойға табан тіреп түбірлі,

Ту еңісте тасып жатқан долданып,

Асау Ақсу өзеніне жан ұшыра жүгірді...

(Осы уақытта Ғайша өзеннің арғы бетіне жүгіреді. Ал Ананың образын сомдаған оқушы сахнаның ортасына келеді)

Бағаласан, махабатты бағала,

Бағаласан, махабатты бағала...

Сәлден кейін сорлының

Орамалы ғана жатты жағада.

(Толқып жатқан өзенге Ғайша орамалын аспанға қалықтата лақтырады)

Ана (Монолог):

Бұл сұм соғыс кімдерді жылатпады?!

Кейінгі ұрпақ сендерден түңілген едім.

Оным бекер екен. Сендердің қажыр-қайраттарыңда шек жоқ екен.

Мен ойлайтынмын: Әркім өз шығар тауының биігінен көксеп, кім ертсе соның жетегінде, итаршысында кетер-ау деп. Құдай таупиық бергенде оның беті ары болатын секілді.

Менің ұрпақтарым намысын қолдан бермейтін, ойданы таза, діні берік күйде баз кешпек.

Мен болашаққа әсте сенбеуші едім. Оным да бекер екен. Тый көз-жасыңды, еңіреген ел, ата-баба қонысын жауға бермей, тас-талқан етер ұлың бар!

(Музыка әуені. Сахна шымылдығы жабылады)

Өзге тілдің бәрін біп, өз тіліңді құрметте



**Іңкәр Боранқұлқызы
КӘКІШ,
№67 «Жалпы білім
беретін орта мектебі»
коммуналдық
мемлекеттік
мекемесінің бастауыш
сынып мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.**

Мақсаты: Оқушыларға тілдің маңызын түсіндіру, оқушылардың ана тілі туралы ой-пікірлерін білу, оқушыларды ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ұлы адамдардың тіл туралы айтқан нақыл сөздері.

Жүру барысы

1. Ұйымдастыру бөлімі.

Мұғалім сөзі: Тіл — қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.

Тіл байлығы — әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс.

Құрметті ақынымыз Қадыр Мырзалиев:

Ана тілің — арың бұл

Ұлтың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тіліңді құрметте, — деген тұжырымы бұл. Барлығымызға қойылатын

талап. Осы мақсатта бүгінгі пікірталасымыздың тақырыбын да осы тілге байланысты алып отырмын. Алдымен осы ана тіліміз туралы біздің ақын жазушыларымыздың нақыл сөздерін есімізге түсірейік.

1. «Әр халықтың ана тілі — білімнің кілті... Біздің жастарымыз ана тілінде жетік, білімді, мәдениетті болсын...»
Ахмет Жұбанов.

2. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту бүкіл ата-бабымызды, тарихымызды ұмыту. **Бауыржан Момышұлы.**

3. «Ғашықпын қазақ тіліне! ... Осындай майса, сұлу тілді қалай өгейсітуге болады?»

Нұртас Ондасынов.

2. Негізгі бөлім.

Міне, қазақ тілі туралы қандай тамаша сөздер айтқан ағаларымыз. Ал енді осы тіл мәселесі туралы сендердің пікірлеріңізді тыңдап көрейік.

Базаркулова Фатима: Халық даналығы «Ананың балаға берер ең асылы тілі» дейді. Ендеше анамның тілін мен құрметтеп, оны мақтан етемін. Ана тілі деп аталуы да содан, сондықтан оны ұмыту, білмеу бұл үлкен қателік. Осыны түсінсе деп ойлаймын.

Бауыржан Айерке: «Тіл ұлттың қасиетті белгісі. Тілінді сыйлағаның ұлтыңды сыйлағаның деп түсінемін. Өзім және менің жанұямдағы бауырларым, ата-анам бәрі қазақ тілінде

сөйлесеміз. Оны қорлық деп ойламаймын. Ана тілінді білмесең бұл әрине қорлық. Әрине өзге тілді білгенің жақсы ғой, бірақ өз ана тілінді кемітпей, оны жетік меңгеруге ұмтылу қажет деп ойлаймын»

Жалғасбек Нұрлы: «Өз басым ана тілімде өлең айтып, әдеби кітаптарды оқимын. Оған арланбаймын да. Қазіргі заманда бір екі тілмен шектеліп қалуға болмайды. Көп тілді білгенің өз ана тілінді шеттеткенің емес қой. Қадыр Мырзалиев ағамыз дұрыс айтады. Қанша тілді білсең де өз ана тілінді бәрінен де жоғары ұстауың қажет. Қазірге кезде ағылшын, қытай тілдеріне көп қызығушылық бар. Бұл заман талабы әрине. Білімді ұрпақ еліміздің болашағы. Сондықтан да қазақ болғандықтан қазақ тілін құрметтеу керек».

Измуханов Мадияр: Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгінгісі, болашағы. Қазақ тілі өзінің даласындай бай. Қазақсөзіқашандадаланыңқоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Қазақ тілі қасиетті қазақ домбырасының үнімен үндесіп жатады. Ана тілі — бұл әкенің тілі, туған халықтың тілі. Ана тілін біз кішкентай кезімізден әке-шешемізден, әжемін бен атамыздан біле бастаймыз. Ана сүтіндей бойымызға біртіндеп сіңеді. Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі — оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадыр-қасиетін, мәдениетін,

ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез келген мемлекет өзінің аумағында салт-дәстүрін, ана тілін айрықша қорғайды. Тіл арқылы біз оқып, білім аламыз, қалаған мамандықты игереміз. Тіл арқылы даналар сөзін оқып білеміз, одан ғибрат аламыз. «Өнер алды — қызыл тіл» деген осыдан шыққан болар. Тіл халықпен бірге жасайды, дамиды, өркендейді. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл — халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін — ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз — қазақ тілі. Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл — жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Тіл — атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Тіл — еліміздің іргетасы,

Сермағамбет Нұрәли: «Ұлттың тілі — ұлттың ділі» демекші, қандай ұлт пен ұлыс болмасын ең басты байлығы — ана тілі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезеңде мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қазығына айналдыру — әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті. Ата-бабамыздан қалған

асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы — отбасында ана тілінде сөйлеп, айналадағы дүние туралы сол тілде айтып, сол тілде қуаныш ренішінді бөлісіп, өзінді, өзгені жұбату болып табылады. Бұл — ана тілінің қадір-қасиетін арттыра түсері даусыз.

Үсенғалиева Назерке: «Біздің мемлекетіміз көп ұлтты мемлекет. Қанша ұлт өкілдері тұрады! Бірақ солар өз ана тілдерін ұмытпай, ардақтап, сол тілдерінде бір бірімен сөйлеспей ме? Бірақ біздің ана тілімізге қазір үлкен мән беріліп жатыр. Мемлекеттік тіл

мәртебесін жолға қойып отыр. Бұл үлкен жетістік. Тіпті шет елдерден келген шетелдік адамдардың өздері осы қазақ тілін үйренуде. Сондықтан да ұлт бар жерде тіл де жасай береді».

Мұғалім: Рахмет. Назерке дұрыс айтады. Қазір қазақ тіліне үлкен мән берілуде. Мен сендерге мына бір мақаланы көрсетіп таныстырғым келеді. Мақаланың тақырыбы «Тіл көңілдің кілті». Оны жазған американдық инженер Джоэл Адамсон. Ол өзінің қазақ тілін қалай үйренгені туралы жазыпты.

Оқушыларға рухани тәрбие берудегі ата-ана мен мектептің ынтымақтастығы



**Гүлшат
Болатбекқызы
ЖИЕНБАЕВА,
№67 ЖББ ОМ
КММ-нің тарих-
география пәні
мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.**

Тәрбие — үлкен шеберлік пен білімділікті талап ететін маңызды іс. Өз бойында мәдениеттіліктің нышаны болмаған адамның баласына жақсы тәрбие беруі де мүмкін емес. Тәрбие — күрделі іс. «Тәрбие отбасынан басталады» - деп халық даналығы бекер айтпаған. Ата-бабамыздан қалған мөлдір бұлақтай таза ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін, барлық қажетті жауап

кершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп халқымыздың ұлы тұлғасы А. Байтұрсынов айтқан екен. Сол сияқты баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса, сонда ғана елдің ертеңі зор болмақ.

«Адамгершілік — адамзаттың басты құндылығы. Оны дамыту негізгі міндеттердің бірі» деп Аристотель айтқандай қазіргі таңда ғаламдасу үрдісінде адамгершілік құндылықтарды сіңіру қоғамның негізгі принциптерінің бірі болуы керек.

Мектептегі тәрбиенің басты міндеті — оқушылар бойына рухани - адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, оларды дербес өмір сүруге үйрету, жалпы азаматтық құндылықты меңгеруде шығармашылық, іскерлік бәсе-

келестікке дайын, өмірлік күрделі мәселерді шеше алатын азамат тәрбиелеу. Бүгінгі таңда сауатты, мәдениетті, барлық жағынан жетілген оқушыларды даярлауда тәрбие жұмысының маңызы зор. Қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық сананың қалыптасуына аса ықпалды тәрбие түрлеріне ақыл-ой, адамгершілік, ұлтжандылық, руханилық және т.б. жатады.

Болашақты гүлдендіріп, тәуелсіздікті нығайтатын ұрпақ алдымен рухани ұлттық тәрбие нәрімен сусындауы қажет. Рухани байлық, ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, әдебиеті, мәдениеті, өнері, шыққан түп-тамырында жататыны белгілі. Оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру формалары: баяндамалар, кездесулер, дөңгелек үстел, конкурстар, әдеби оқырмандар кеші, т.б. Мектепішілік іс-шараларда «Ата-ана рөлін жандандырудың жанаша бағыт-бағдары қандай болмақ?» деген сұраққа жауап беру мақсатын алға қойған үлгімде: оқушының ой-өрісін, білімін, тәрбиесін нығайту, дамыту мақсатында тәрбие жұмысына ата-аналарды көбірек тарту, ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігін тереңірек ұғындыру. Ата-ананың педагогтермен ынтымақтастығын дамыту мақсатын алға қоя отырып, Мұхаммед пайғамбарымыздың «Әке мен шешенің бұл өмірде баласына сыйлайтын сыйластықтарының ішіндегі ең қымбатты және ең баға жетпес асылы — әдепті тәрбие» деген сөзін басшылыққа ала отырып, қоғамда орын алатын киелі шаңырақ мектеп бола білсе, оның басты механизмі-педагог, онда білім алып, тәрбие жемісін бойына сіңіре

біліп отырған оқушы емес пе? Ал сол оқушыға ата-анадан артық қамқор кім бар?... Сол қамқорлықты кейде орындап, кейде қоғамға сілтей салып жүрген заманда мұғалім «Ата-ана кінәлі», ал ата-ана «Мұғалім кінәлі деп төртке бөліп отырған заманның тәрбиесінде ашылмаған мәселе, ойланбаған тәрбие жатыр. Ол үшін мектептің барлық іс-шараларына ата-ананы тарта біліп, оның жауапкершілігіне көбірек істер мен міндеттер бөліп бергенде ғана өз жауапкершілігі мен мектеп ауқымындағы істерге басы ауырып қарайтын болады. Сол үшін қандай бағдар болуы керек? Әрине, ол үшін мектепте жұмыс жүргізетін ата-аналар кеңесі мен мектеп әкімшілігінің реформалары мен бағдарламалары, тікелей ата-аналар комитетінің атқарылар істердегі міндеттері өзара байланыста болуы шарт. Ол үшін белсенді ата-аналарды жұмысқа тартқан жөн.

Кейде жұмысбасты болып отырған ата-аналардың мектептің істеріне бір жақты қарауы да мүмкін, соған қарамастан ата-ананың мүмкіндігін ескере отырып мектептегі іс-шараларға араластыру жоспарын жүйелеп алған дұрыс. Ол қалай жүйеленеді?

1. Мектептің жұмыс жоспарымен таныстыру;
2. Мектептің атқарылар істеріне жауапты ата-аналарды бекіту;
3. Мектептегі шараларға ата-аналық демеушілікті жан-жақты қарастыру;
4. Өзара мадақтау жұмыстарын жүргізу;
5. Мектептің соңғы іс-шарасында ата-ананың белсенділігін ескере отырып, мадақтау, жұмысын бағалау.

Сонда ғана ата-ананы да бала сияқ-

ты мадақтай отырып мектеп өмірінің қомақты жұмысына тарта аласың. Міне, қоғамдағы басты мәселеге барлығымыздың басымыз ауырып қарай білетін болсақ қана «көппен көрген ұлы той» дегендей бала тәрбиесіне де бірлесіп қарай алатынымызды аңғартамыз. Бұл үлгіден алатынымыз:

1. Ата-анамен жақсы қарым-қатынас орнатудың жолы тәрбиені жақсартады.

2. Ата-ана мұғалімнің еңбегін, мұғалім ата-ананың баламен жұмыс жүргізуінің тиімді әдісін екеуара шеше алады.

3. Қоғамның ата-анаға бар мүмкіндігін жасауы ата-ана құқығын қараудан гөрі мектептің тылсым дүниесі ауасымен демалу арқылы жанын түсіруге жол ашады.

4. Баланың қоғамда алар орнына ата-ана мектеп бітіргенде ғана ойланып қоймайды, байланыстың арқасында оның қабілеті мен дарынын, талабы мен талғамын саралай алады.

5. Ұстаз бен ата-ана жер мен күннің,

табиғат пен адамның байланысындай байланыс кепілі болады және саралай алады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев еңселі елу елдің қатарынан ойып тұрып орын алу үшін сапалы білім, саналы тәрбиесі бар ұрпақ тәрбиелеуіміз керектігін айтқан болатын. Сондықтан осындай маңызды істе сыбағамыз сүбелі болсын десек, шығыстың ұлы ғұламасы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген даналық сөзін ешқашан естен шығармағанымыз жөн.

Еңселі егемен еліміздің қуатты келешегін, берік болашағын қалыптастыратын жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру – әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білім мен тәрбиенің нәрін сіңіре білуіміз қажет.

Отбасы – тәрбие бастауы



**Дамира Бериковна
КАНАТБАЕВА,
№67 «Жалпы
білім беретін
орта мектебі»
коммуналдық
мемлекеттік
мекемесінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.**

Тәрбие сағатының мақсаты: отбасы тәрбиесінде ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру. Тәрбиенің ең тамаша жері – отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі алатын орнын, жеке тұлғаның оқу-тәрбиеге жауапкершілігін арттыра отырып, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты арттыру.

Түрі: коучинг.

Тәрбие сағатының көрнекілігі: ұла-

ғатты сөздер, ой толғау сұрақтары, бағалау парағы, кері байланыс, интерактивті тақта, стикер, смайлик т.б.

Тәрбие сағатының барысы:

I. Топқа бөліну: «Әке», «Ана», «Бала», сөздері арқылы топқа бөлу.

II. Миға шабуыл (сұрақ-жауап)

Оқушыларға:

1. Отбасы құрамына кімдер кіреді?
2. Отбасының әдет-ғұрпы туралы түсініктеме бер?

3. Ұл мен қыздар жасына қарай қалай аталады?

4. Отбасының негізгі міндетін атқаратын кімдер?

5. «Үлкенге құрмет» дегенді қалай түсінесіңдер?

6. Отбасының ұйытқысы кім?

7. Отбасының басшысы кім?

II. Ассоциация құру: (Әке, Ана, Бала)

III. «Сөздерді алмастыр» ата-аналарға.

VI. Постармен жұмыс: Ата-ана мен баланың қарым-қатынас ережелерін құрастыру.

V. Ой толғаныс: тренингтен алған әсерлерімен бөлісу

Кіріспе: Сәлеметсіздер ме құрметті ата-аналар! «Бала әр ата-ананың болашағы. Ол — оның өмірінің жалғасы» дегендей бүгінгі ашық тәрбие сағатымыздың тақырыбы «**Отбасы тәрбие бастауы**». Бүгінгі сабағымыз ерекше сипатта өтпек. Сондықтан да, белсенді түрде қатысып отыруларыңызды сұраймыз. Барлығымыз бірге қол ұстасып, «Шаттық шеңберіне» шығайық.

I. Топқа бөліну: «Әке», «Ана», «Бала», «Отбасы» сөздері арқылы топқа бөлу. Орындарыңызға жайғасуға болады.

II. Ассоциация құру: (Әке, Ана, Бала)

әр топ берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салады.

III. «Сөздерді алмастыр» Ата-аналардың баламен қарым - қатынасында баланың үмітіне балта шабатын, кінәлайтын сөздер беріледі. Осы сөздерді олардың өз күшіне сенім тудыратындай, жақсы қолдау көрсете алатындай сөздермен алмастыру керек. /әр топқа екі сөйлемнен беріледі)

1. Неге сен басқа балалардай емес-сің?

2. Неменеге ұсқынсыз болып кеткенсің, шашың дудыраған, үстің кіркір.

3. Тағы осылай істесең, менен таяк жейтін боласың.

4. Жұмысыма барарда сенің мектебіңнің жиналысы да жағаласып қалды ғой.

5. Айтатының ылғи өтірік, сенің сөзіңе қалай сенемін.

6. Сені жиналыста жамандағанда жерге кіріп кете жаздаймын.

Ата-аналар осы сөздерді былай алмастыруына болады:

1. «Сенің де басқалардан өзгеше болуыңа құқың бар, сенің де қолыңнан келеді» - деп, сенім артуы керек.

3. «Үстіңді ретке келтір, шашыңды тара, киіміңді ауыстыр» - деп, баланың өзін жақсы сезінуіне көмектесу керек.

4. «Біз саған қиыншылықты жеңуге көмектесеміз, екіншілей жаман қылық жасама».

5. Балам бүгін жұмыстан сұрана алмаймын, бос уақытымда сынып жетекшіңе барып жолығамын

7. Қателеспейтін адам болмайды, мен саған сенемін, сырлас болайық.

8. Сен туралы айтылған әрбір жақсы сөз маған күш, қуат береді.

Кез келген шешімді қабылдауға асығыстық жасауға болмайды. Баланыз сіздің оның ісіне немқұрайды қарамайтыңызды көретіндей, оны тыңдауға дайын екендігіңізді байқайтындай болсын.

Кейде бала бір сәтсіздіктерге ұрынады. Ата-ана қатты уайымдап, баланың еш нәрсеге икемі жоқ, қабілетсіз деген асығыс қорытындыға келеді. Сөйтеді де баланың өзіне деген сенімі күрт жойылады, қолын қусырып, Ата-ана мектеппен байланыс жасамайды, қиыншылықтарды жоюға дәрменсіз болады. Сондықтан да ата-аналар мектеппен байланысты болу керек. Мектепке жаны ашып, балаларының жағдайын біліп, іс-шараларға белсенді қатысатын ата-аналар да баршылық.

Оқушыларға сұрақ: 3 топқа кеспе қағаз беріледі.

1. Отбасы бақыты деген ол?

2. Білім алуға сендерге жауапты кім деп ойлайсыңдар?

3. Бақыт дегеніміз не?

Міне, осындай біз көңіл аударар бермейтін қарапайым нәрсенің өзі немесе ойланбай айтылған ұрыс сөзі де баланың жанын ауыртуы мүмкін, өмір сүру ағынын өзгертуі де ғажап емес. Бала жат қылықтарға бой алдыруы мүмкін.

VI. Бейнеролик көрсетіледі. Өз ойларын айтады.

V. Постармен жұмыс: Ата-ана мен баланың қарым-қатынас ережелерін құрастыру.

Топтастыру: постер қорғау.

1. Баланың міндеттері;

2. Ата-ананың міндеттері.

IV. Шығармашылық жұмыс. Құндылық құнын ұғындыру.

1. Отбасында ең сыйлы;
2. Отбасында ең қымбатты;
3. Отбасында ең ақылды;
4. Отбасында ең сүйкімді;
5. Отбасында ең құрметті;
6. Отбасында ең құнды;
7. Отбасында ең бағалы;
8. Отбасында ең қажетті.

VII. Сүйіспеншілік сипаты. Отбасының бақыты үшін не керек? деген сұраққа байланысты ойларыңызды көк алмаға жазып, ал отбасы жағдайын бұзатын ойларыңызды сары алмаға жазып ілулі тұрған алма ағашына апарып жапсырыңыз.

Ата-анаға мынадай кеңесті ұсынамын:

1. Баланың әр күнді бастауы, қарсы алуы сәтті болу керек; ол үшін таңертен баланы оятқанда жайлы, баппен оятыңыз; ол сіздің күлімдеп, мейіріммен өте жақсы көріп тұрғаныңызды сезуі керек;

2. Балаға балабақшаға барар алдында сенімділік сәттілік тілеу керек;

3. Бала балабақшадан келгенде бірден сұрақтар қойып, қарсы алмау керек;

4. Бала бірдене айтқысы келсе, қарсы болмай тыңдау керек;

5. Бала ренжіп отырса, себебін өзі айтқанша асықпаңыз;

6. Балаңызға қатты дауыспен сөйлеменіз, баланың жүйкесіне әсер етеді.

Ұрпақ тәрбиесінде ең шешуші орын отбасындағы психологиялық ақуал, оның ішіндегі ата-ананың балаға деген махаббаты екені анық.

Төрт жасар баладан адамға неге екі қол берілген деп сұрағанда бала

«Бір қол маманы, екінші қол папаны

ұстап жүру үшін», - деп жауап берген. Міне, үлкендер ойлап таба алмайтын сөзді балалар тауып, дәл жауап беріп отыр. Бала психологиясының жақсы дамуына әке мен ананың екеуінің де болуы қаншалықты маңызды екенін осы мысалдан айқын көруге болады. Отбасы — бала дамуы мен қалыптаты өмір сүруіне тиімді жалғыз мүмкін орын. Бала үшін туған отбасы — алтын дінгек. Отбасындағы жылылық пен мейірімді еш нәрсемен — басқа жерлерде жүз есе артық материалдық жағдай жасалса да алмастыру мүмкін емес. Отбасының бірлігі ұрпақ тәрбиесінде өте қажет. Бұл — өте қымбат ұлттық құндылық.

Әрбір отбасы — өркен жайған ағаш дінгегі. Сары алма көп болса, отбасында қауіп-қатер, жайлай бастағаны. Ал көк алма көп болса сіздің отбасыңызда бақыттың орнағаны, сыйластық, бақыт, адалдық.

Үлкендер бата бергенде көктеп көгерер, ұрпақ жай деп жатады. Отбасы бақыты үшін мына өздеріңіз жазған жақсы ойлардың барлығы керек.

Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен оқушы арасындағы қарым қатынастың түрлі жақтарын, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы — ұшқан ұя, жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы атауының» мәніне терең үңілер болсақ оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы жаттығуын» тілек айта отырып, жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып, бүгінгі сабақтан алған әсерімізбен, ойларыңызбен бөлісу.

«Өтінемін ойыны»

Мақсаты: Ата-ана мен балалар ара-

сындағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне көңіл бөлу, бір-бірін тыңдай білуге үйрету.

Қатысушылар ортаға жартылай шеңбер жасап тұрады.

- Құрметті ата-аналар, балалар! Сіздер қандай «сиқырлы» күші бар сөздерді білесіздер?

- Рахмет, өтінемін, т.б.

- Мен әр түрлі өтініштер жасаймын, егер мен «өтінемін» деген сөзді айтсам сіздер оны орындауларыңыз қажет. **«Өтінемін»** деген сөзді айтпасам, сіздер ол өтінішті орындамайсыздар.

- секіріңдер;

- оң аяқтарыңды көтеріңдер;

- өтінемін, алақанмен қол шапалақтандар;

- өтінемін, бір-бірінді құшақтандар;

- оң қолдарыңмен сол құлақтарыңды уқаландар.

«Ғажайып сөздер»

Қатысушылар тілек ағашына балаларыңызға еркелеткенде айтатын мейірімге толы ғажайып сөздерін жазады. Бала тәрбиесі бір күндік іс емес. Сондықтан да бала тәрбиесіне жете мән беріп, «Адамның бір қызығы — бала деген» ұлы аталарымыздың даналық сөзін естен шығармайық.

Ата-аналар «Сиқырлы қалам» арқылы тренингтен алған әсерлерін бір ауыз сөзбен жеткізеді. Қыс өтіп, көктем келеді. Көктемде ақ жауын көп жауады. Жауын суы жерге сіңіп, жер ананы бусандырады. **Сол сияқты сіздер де бүгінгі тренингтен алған әсерлеріңізді жүрек түкпіріне қалдыруларыңызды өтінемін.**

Күніміз ашық болсын,

Түніміз тыныш болсын,

Ауамыз таза болсын,

**Суымыз мөлдір болсын,
Ұл-қызымыз аман болсын!**

«Кездескенше» ойыны.

- Ата-аналар, барлығымыз шеңбер құрып тұрамыз. Менің қолымда кішкентай ғана «Сиқырлы күн» тұр. Ол

сіздерге жылу, қуаныш, табыс, бақыт, сүйіспеншілік сыйлайды. Сіздер оны бір-біріңізге беріп, бүгінгі жиыннан алған әсерлеріңіз туралы пікір білдіресіздер. Ата-аналар, бір-біріне тілек айтады.

Бәрі де сүйіспеншіліктен басталады



**Ботагөз Амангелдиевна
НУРГАЛИЕВА,
№67 ЖББОМ орта
мектебінің орыс тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.**

Құндылығы: Сүйіспеншілік

Қасиеттері: Бәрін жақсы көру, достық, татулық.

Мақсаты: оқушыларға бәрі де сүйіспеншіліктен басталатынын түсіндіре отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.

Міндеттері:

- Оқушыларға айналадағының бәрін жақсы көру керектігін ұғындыру.

- Оқушылар бойындағы достық қасиеттерін дамыту.

- Оқушыларды татулыққа тәрбиелеу.

Тақырыпқа сәйкес ой қозғауға оқушыларға төмендегідей сұрақтар беріледі.

1. Адамгершілік дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Адамгершілікке қандай қасиеттерді жатқызуға болады?

Сабақтың барысы:

5. Ұйымдастыру кезеңі. 5 Т — ережесі.

- Балалар, ережені есімізге түсіріп, сыныптың тәртібін сақтап, оқып - білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік.

Жақсы көру

Екі көз не үшін керек?

Жақсылықты көру үшін

Екі құлақ не үшін керек?

Жақсылықты есту үшін

Ауыз не үшін керек?

Жақсылықты айту үшін

Екі қол не үшін керек?

Жақсылықты жасау үшін

Екі аяқ не үшін керек?

Жақсылыққа жүру үшін керек.

Жүректен-жүрекке

Балалар бір-бірімізге жақсы тілек айтайық.

Сүйіспеншілік туралы бейне жазба көру.

Талқылау, балалардың ойы

Сүйіспеншілік — тіршіліктің тірегі.

Риясыз сүйіспеншілік — тіршіліктің

сәні мен мәнін келтіретін нұр әрі ең басты қуат көзі. Сүйіспеншілікті адам алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтіннен бастап сезіп, көре бастайды.

Мейірімін төккен ата-анасының ыстық құшағында олардың аялы алақанын сезіне жүріп, өмірге төселеді. Есейе келе толағай сүйіспеншілікті айналасынан көру-көрмеуі екіталай. Әйтсе де, адам өмір бойы сүйіспеншілікті іздеп, дауыл алдындағы шағаладай шарқ ұрып өтері анық.

Жарық дүниеде барша кедергі кесепатты жеңетін күш те осы риясыз сүйіспеншілік. Көңілі сүйіспеншіліктің түбіндегі әрбір тасын санап алуға болатын кәусар бұлағынан мейірін қандырған жанның рухы кемелдік көгінде қырандай қалықтап, мәңгіліктің жасыл жайлауына қанат қағады. Мұндай көңіл көктем, сезімі сел боп аққан ізгі жандар мәңгілік бақыт әлеміне қатысты сезіп-білгендерін, рухани дүниесіне жиған-терген жауһарларын жер-жаһандағы барша жанмен бөлісу үшін алып-ұшып тұрады. Осы мақсатта «мың өліп, мың тіріледі». Өлсе де, тірілсе де, жүрекжарды ұраны, басты қаруы осы риясыз сүйіспеншілік сөзі болмақ.

Көңілінде тырнақтай сүйіспеншілігі жоқ жандар өктем өзімшілдіктің, менмендіктің тар қыспағында тұралап қалғандықтан, ешкімді шынайы сүйе алмайды. Жаратылыстың өзегі жан толқытып, мән толғайтын махаббатты сезіне алмастан шырағы сөнген тұлдырдай семіп, сөніп, жоқ болады.

Барша ғалам шынайы сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі болғандай. Мәселен, шуағын төккен күн көзі және судың буға, одан бұлтқа айналуы, со-

нан соң жауын болып топыраққа нәр шашуы — ғаламдағы сүйіспеншіліктің жарқын мысалдары. Масатыдай құлпырған сан алуан гүлдер көз жауын алатын әсемдігімен қараған жанның жанын жадыратып, көңілін шалқытады. Жарық бетіндегі таңғы шықтың күмістей мөлдіреген пәк бейнесінен сүйіспеншілікті қалай сезінбессің?! Иен даланы басына көтере жамырай маңыраған қозы-лақтың берекелі де бейбіт тірліктің бесігін тербеткен үнінен, құлақ құрышын қандыра сайрап, жүрекке шаттық сыйлайтын құстардың әсем әнінен сүйіспеншіліктің әуезді әуенін тыңдау қандай ғанибет!

Жақсы мен жаман — біздің өміріміздің бөлігі

Алыстағы ауылда бір қарт өмір сүріп жатты.

Оның жақсы жылқысы болатын. Ол кісі кедей болса да, атын сатып алғысы келгендерді талай рет кейін қайтарып жіберетін еді, өйткені ол оның ең жақын досы саналатын. Ауыл тұрғындары қарт атын сатса, кедейліктен құтылар еді деп әңгіме етеді.

Бір күні оның қорадағы аты жоқ болып кетеді. Тұрғындар жылқыны ұрлап кеткен шығар, егер атыңды сатсаң, бұлай болмас еді, біздің айтқанымызды тыңдамадыңыз деп қартты табалайды. Бірақ қарт адам басқаларға: «Қора бос тұрса, оны басқадан көрудің қажеті жоқ, өзгелерді босқа кіналамандар», - деп жауап береді.

Бірнеше күннен соң, жылқысы артынан бір қора жабайы жылқыларды ілестіріп қайтып келеді.

Енді ауыл тұрғындары қарт адамның басына бақ қонғанын сөз қылады.

Қарт адам тағы да алдын ала болжам

жасамауын сұрайды.

Көп кешікпей, қарттың жалғыз ұлы жабайы жылқыларға мініп жүріп, құлайды да, екі аяғын сындырып алады. Ауылдағылар қарттың жалғыз сүйеніші — ұлы еді, оның басына қандай бақытсыздық келді деп әңгімелей бастады.

Қарт өз көзқарасынан танбады: артық сөйлемендер деумен болды. Бір күні көрші патшалықты соғыс басталды да, барлық жастарды әскерге алып кетті. Ал қарттың ұлы ауылда қалды.

Әр қиындықтың артында бір жақсылық бар.

Постер қорғау.

Сүйіспеншілік қасиеттері

1. Анаға деген сүйіспеншілік;
2. Бауырға деген сүйіспеншілік;
3. Отанға деген сүйіспеншілік;
4. Табиғатқа деген сүйіспеншілік.

Сүйіспеншілік туралы қанатты сөздер:

• Ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік туғызған;

• Егер де ең ұлы ашылымдар болмаса да, бәрібір адамзат өмір сүрген болар еді, ал егер сүйіспеншілік жоқ болса, ол тез арада құрып бітер еді;

• Мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастыра алғанда ғана шын мә-

ніндегі мұғалім болмақ;

• Әрбір азамат өз ұлтын сүйуге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс;

• Сүйіспеншілік — өзін-өзі, өзгелерді тануға жетелеп, өзгелерді сыйлауға негіз болады. Сүйіспеншілік — Отанды, елді құрметтеуге үйретеді, табиғаттың сұлулығын сезіндіреді.

Қорытынды.

Риясыз сүйіспеншілікті қарапайым сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес... Оны іспен ғана білдіре аласың, себебі ол сезімнің бір бөлшегі, ол адамдар арасындағы жылуды ұялатады. Үлкен сезімдерге бастау береді.

Риясыз сүйіспеншілік, жек көрушілік жоқ жерде ғана ұшқын алады.

Сүйіспеншілік — елдің ыстық ықыласына бөленудің ең төте жолы. Өйткені, сүйіспеншілік — пайғамбарлардың қастерлі жолы. Бұл жолдың жолаушылары жолдан жазып, тығырыққа тірелуі мүмкін. Тұйыққа тірелген күннің өзінде жабылған бір есіктің орнына басқа жерден мың есік ашылады. Иә, риясыз сүйіспеншілікпен барша адамзатты бауырға басып, жүректерге жол таба білсек, дүниеде шешімін таппаған мәселе қалмас еді

Соңғы тыныштық сәті.

СҮЙІСПЕНШІЛІК - ЖЕРДЕГІ ӨМІРДІ ҚОЛДАУШЫ ЭНЕРГИЯ



РИЯСЫЗ СҮЙІСПЕНШІЛІК

- Сүйіспеншілік қорқынышты білмейді, сүйіспеншілік өтіріктен аулақ қашады
- Сүйіспеншілік бастан болмаса ауыздан шықпайды, ол жүректен шығады
- Сүйіспеншілік береді және кешіреді, ЭГО алады және ұмытады
- Сүйіспеншілік бұл ЭГОның болмауы, ал Эгоизм бұл сүйіспеншіліктің болмауы
- Сүйіспеншілік бұл барлық діндердің тамыры, барлық жазбалардың мәні, барлық жолдардың қиылысы, барлық адамдардың шабыты

Жас математиктер

Мақсаты: оқушылардың математикалық ойын тапсырмаларын орындау арқылы білімдерін одан әрі тереңдету, алған білімдерін пысықтау; Ойлау қабілетімізді, математикалық сөздік қорын дамыту, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін жетілдіру.

Сабақтың түрі: сайыс сабақ.

Сабақтың көрнекілігі: компьютер, интерактивті тақта, презентация, жетондар.

Әділ қазыларды сайлау.

Сайыстың жүрісі:

1. Топқа бөлу;
2. «Кім жылдам?»;
3. «Математикалық диктант»;
4. «Біліктілік сайысы»;
5. «Капитандар сайысы»;
6. Қорытынды.

I кезең. Оқушыларды топқа бөлу:
1-топ «Білгірлер». 2-топ «Тапқырлар».

II кезең. *Кім жылдам?* (Әр топқа жеке сұрақтар қойылады жылдам жауап берулері керек. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі).

1-топ «Білгірлер» сұрақтары:

1. Құрамында әріптері бар өрнек қалай аталады? *Әріпті өрнек*
2. Екі санның бөліндісін не деп атаймыз? *Қатынас*
3. $P=2(a+b)$ қандай фигураның формуласы? *Төртбұрыштың периметрі*
4. 24 санының бөлгіштерін ата: 1, 2, 3, 4, 6, 8, 12, 24
1. 5 санының бөлгіштік белгісі? *0 және 5-тен аяқталса*
6. Тек таңбалары арқылы ажыратылатын сандар? *Қарама-қарсы сандар*

7. Амалдар таңбалардан, жақшалардан және сандардан ғана құрастырылған жазуды не деп атаймыз? *Санды өрнек*

8. Екі қатынастың теңдігі? *Пропорция*

9. $V=abc$ қандай фигураның формуласы? *Тікбұрышты параллелепипедтің көлемі*

2-топ «Тапқырлар» сұрақтары:

1. Құрамында әріппен белгіленген белгісіз саны бар теңдік қалай аталады? *Теңдеу*

2. Картадағы кескін ұзындығының оған сәйкес жер бетіндегі қашықтыққа қатынасын не дейміз? *Масштаб*

3. $S=ab$ қандай фигураның формуласы? *Тіктөртбұрыштың ауданы*

4. 27 санының бөлгіштерін ата: 1, 3, 9, 27

5. 9 санының бөлгіштік белгісі? *Цифрларының қосындысы 9-ға бөлінсе*

6. Оң санның модулі неге тең? *Өзіне*

7. 32 санының бөлгіштерін ата: 1, 2, 4, 8, 16, 32

8. 10 санының бөлгіштік белгісі? *0-ден аяқталса*

9. Теріс санның модулі неге тең? *Қарама-қарсы санға тең*

III. Математикалық диктант.

«Білгірлер» тобына:

Қосудың, азайтудың және көбейтудің қасиеттерін қолдану.

1. Өрнекпен жазындар:

- а) $36a$ және $15a$ -ның қосындысын;
- ә) 29 және $11x$ -тің көбейтіндісін.

2) Кеше күн 3 градус суық болған, бүгін күн 2 градус жылы.

«Тапқырлар» тобына:

Қосудың, азайтудың және көбейтудің қасиеттерін қолдану.

1. Өрнекпен жазындар:

- а) $36a$ және $15a$ -ның қосындысын;
ә) 21 және $12x$ -тің көбейтіндісін.

2) Тарбағатай жоталарының ең биік жері теңіз деңгейінен 2992 м биіктікте, Каспий ойпаты теңіз деңгейінен 28 м тереңдікте.

IV кезең. «Біліктілік сайысы». Әр топқа жеке тапсырма беріледі. Дұрыс жауап 10 ұпаймен есептелінеді.

1-топ «Білгірлер»:

1. Есептендер:

1- $0, 85 + 0, 13 =$

2. $0, 2 * (- 5) =$

3. $16: (- 4) =$

4. $1 - (- 4) =$

2. Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарындар:

1) $9a - 6b + 3c = 3(3a - 2b + c)$

2-топ «Тапқырлар»:

1. $- 7 - (- 8) =$

2. $8 * (- 7) =$

3. $- 8: (0, 2) =$

4. $- 7 * (- 0, 1) =$

3. Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарындар:

2) $6x + 2x + 5x = (6 + 2 + 5)x = 13x$

VI кезең. «Капитандар сайысы». Әр топтың капитандарына жеке сұрақтар беріледі. Дұрыс жауап 5 ұпаймен есептелінеді.

1-топ «Білгірлер»:

1. Азайтудың нәтижесі қалай аталады?

2. 1 сағатта неше минут бар? (60)

3. 7 ондық 0 бірліктен тұратын санды ата. (70)

4. Шарты мен сұрағы бар кішкене әңгіме? (Сөз есеп)

5. Мектептегі 45 минут? (Сабақ)

6. Оқу жылының алғашқы айы қандай? (Қыркүйек)

7. Азайту амалының компоненттерін ата? (Азайғыш, азайтқыш, айырманың мәні)

8. 3 пен 9 -дың көбейтіндісі? (27)

9. 6 мысық пен 3 тауықтың аяғы нешеу? (30)

10. Санды сол санның өзіне бөлсе. (1 шығады)

2-топ «Тапқырлар»:

1. Қосудың нәтижесі қалай аталады? (Қосынды)

2. 1 ғасырда неше жыл бар? (100)

3. 9 ондықтан 8 бірліктен тұратын санды ата. (98)

4. Периметрді қалай табамыз? (Барлық қабырғаларын қосамыз)

5. Мектептегі 10 минут? (Үзіліс)

6. Қыс айларының алғашқы айы қандай? (Қаңтар)

7. Бөлу амалының компоненттерін ата? (Бөлгіш, бөлінгіш, бөліндінің мәні)

8. 3 пен 7 -нің көбейтіндісі? (21)

9. 5 машина мен 4 велосипедтің дөңгелектері нешеу? (28)

10. Кез келген санды бірге көбейткенде... (Сол санның өзі шығады)

VII кезең. «Қорытынды».

Әділқазы алқасынан жалпы сайыстың қортындысы сұралады.

Нұрдәулет Абдіғәпарұлы
ОМАРОВ,

Байғазы орта мектебі МДШО
математика пәні мұғалімі.

Кербұлақ ауданы,
Алматы облысы.

Денсаулық зор байлық



Даметкен Капышевна ТАНАТАРОВА,
«№67 жалпы білім беретін орта мектебі»
КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

Сабақтың мақсаты	Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру.
Көрнекіліктер	Суреттер, сөзжұмбақ кестесі, нақыл сөздер.
Құндылықтарды дарыту	Балалардың бойына адами игі қасиеттерді қалыптастыруға, денсаулықтың қадірін түсіне, сақтай білуге тәрбиелеу.
Сабақ кезеңдері	Сабақ барысы
Басталуы	Ұйымдастыру кезеңі. «Миға шабуыл» 1. Денсаулықтың достарына нелер жатады? 2. Ұқыпты да әдемі азамат болу үшін адам денсаулығына не қажет? 3. Денсаулықтың қастары дегенді қалай түсінесіңдер? 4. Салауатты өмір салтын сақтау дегеніміз не? 5. Денсаулық дегенді қалай түсінесіңдер?
Ортасы	Денсаулық — жеке адамның басты байлығы. Денсаулық — адам тіршілігінің ең бірінші шарты. Бүгінгі дені сау ұрпақ — елдің ертеңгі жалғасы. - Бүгінгі тәрбиелік іс-шарамыздың тақырыбына байланысты әңгімеміз тек денсаулық жөнінде болмақ. Денсаулық деген сөз — деніңнің саулығы деген мағынаны білдіреді. Деніңнің аурудан аман, қайратты, жігерлі, көңілдің көтеріңкі болуының өзі — денсаулықтың белгісі. Дене мүшелерінің, ішкі ағзалардың бірі ауырса, адамның денсаулығы нашарлап, көңіл күйі түседі, еш нәрсеге зауқы болмайды. 1. Коронавирус туралы ақпарат беру. 2. Мен өзімді қалай қорғай аламын? 3. Бұл вирусты кім жұқтыруы мүмкін? 4. Бұл вирустан қорғану жолдарын түсіндіру.

- Балалар, деніміз сау және күшті болып өсуіміз үшін не істеуіміз керек?

- Иә, дұрыс ол үшін күн тәртібін сақтау керек. Уақытымен ұйықтап, ұйқыдан тұрған соң төсек орнымызды жинап, жуынып таңғы жаттығу жасауды әдетке айналдырып, таза жүрсек, өз-өзімізді күте білсек, деніміз сау болады. Әрдайым күліп жүруіміз керек. Сендердің күлкілерің әдемі болуы үшін тісті күтуге байланысты ережелерді мұқият орындауымыз керек.

1. Тісті күніне екі рет тазалауымыз керек .

2. Тамақтан кейін ауызды шаю керек.

3. Дер кезінде тіс дәрігеріне көріну қажет.

4. Тәттіні көп жеуге болмайды.

5. Әркімнің өзінің жеке тіс щёткасы болуы керек.

- Балалар, денсаулыққа байланысты қандай мақал-мәтел білесіңдер?

1. Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің;

2. Жарлының байлығы — денінің саулығы;

3. Қотыр қолдан жұғады,

Таз тақиядан жұғады.

4. Бас ауырса жан қорқады;

5. Екі ауру бір келсе, ажалыңның жеткені;

6. Жан ауырса — тән азады,

Қайғы басса — жан азады, т.с.с.

«Әлемдегі ең пайдалы азықтар»

Балық. Қартаюға қарсы ең жақсы азық, миды және жүректі қорғайды. Рухани жағдайды реттеп, қан құрамындағы шекерді қалыпқа келтіреді.

Сүт. Витамин, минерал және пайдалы бактерияларға өте бай.

Жаңғақтар. Жүректің қызметін реттейді. Бір күн үшін 25 грамдық, бадам (миндаль), жаңғақ, жержаңғақ, орман жаңғағы жеткілікті.

Қызыл ет. Жайлауда жайылған малдың еті, яғни өңдеуден өтпеген қызыл еттер пайдалы.

Жұмыртқа. Ең зиянсыз ас. Миды қорғайды және көз саулығын күшейтеді.

Көк шай. Ішектердің, тыныс жолдарының жұмысын реттейді. Салмақ реттелуін оңайлатады.

Алма. Дәрілерден аспирин орнына жүреді. Сүйекті қуаттандыратын К витамині бар.

Пияз және сарымсақ. Инфекцияларды жояды. Жүрек ауруы қаупін 20%-ға азайтады.

	Айран, сүзбе, ірімшік. Тістің саулығы үшін пайдалы, кальцийдің қоры Қызылша. Бүйректерге пайдалы, тұз мөлшерін реттейді. Банан. Жүректің соғуын дұрыстайды, қан қысымын реттейді. Қауын. Жарты қауын бір күндік С дәрумені қажеттілігін қамтамасыз етеді. Бүйректерге пайдалы.	
	Деніміз сау болу үшін қандай нәрселерге мән беруіміз керек: - Ең әуелі денеміздің тазалығына мән беруіміз керек; - Жүйелі түрде моншаға түсіп тұруымыз керек; - Тырнақтарымызды жиі-жиі қысқартып, таза ұстауымыз керек; - Тамақтан алдын және кейін қолымызды жууымыз керек; - Тамақ ішіп болған соң және ұйықтар алдында тістерімізді тіс пастасымен жуу керек; - Жүйелі түрде спортпен шұғылдану, мүмкіндігінше табиғи тағамдармен және үйлесімді қоректену керек; - Ұйқымыздың жүйелі болуына мән беру керек. Ерте жатып, ерте тұру керек; - Екпелерді (прививка), дәрілерді уақытында ектірту керек; - Жеміс, көкөністерді жемес бұрын жақсылап жуу керек. Тағамдардың таза болуына аса мән беру керек. Беті ашық түрде сатылатын тамақтарды жемеу керек. Терлеп тұрып су ішпеу керек; - Ата-ананың рұқсатынсыз ешқандай дәрі қолданбау керек; - Зиянды әдеттерден аулақ болуымыз керек.	
Сабақтың аяқталуы. Қорытынды. Қауіпсіздік ережесі	Оқушыларға жол ережесін сақтауға кеңес беру: 1. Мектепке келіп,кетер жолда үнемі сақ бол! 2. Жүріп келе жатқан көліктің алдынан жүгіріп өтпе! 3. Жол жиегімен жүр! 4. Жол ортасында ойнама!	Ереже

Мақсат – жетістік желкені



**Салтанат
Алтынбековна
УМИРБЕКОВА,
«№67 жалпы
білім беретін
орта мектебі»
КММ-нің
информатика
пәні мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.**

Сабақтың мақсаты: оқушыларды өз болашағына деген жауапкершілікке, сенімділікке, жетістікке жете білуіне, алдына мақсат қоя білуіне тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, суреттер.

Сабақ түрі: әңгімелеу, пікір-талас, суретпен жұмыс.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Бүгін бізде ерекше сабақ. «Жекелік таныстыруы».

Нұсқау: Оқушылар ортаға шығып шеңбер құрады да — өз есімінің бірінші әріпіне ұқсас бойындағы жақсы қасиетті қосып айтады.

Рефлексия:

- Кім Амирдің бойындағы қасиетті есте сақтап қалды?

- Бір-бірінің қандай жаңа жақтары барын таныстыру?

- Кесінділер алады. Кесіндідегі суретті талдайды. Кесінділер бойынша топқа бөлінеді.

2. «Жолайрық» жаттығуы.

Мақсаты: өмір мен қарым-қатынас туралы түсінік қалыптастыру, ой түйгізу.

Нұсқау: бүгінгі тренинг өмірде жетістікке жету үшін қалай өмір сүру керектігін ойластыру, түсінуге арналған. Мына сұрақтарға шынайы жауап беру керек.

1. Біз не үшін өмір сүреміз?
2. Сіздер не үшін мектепке барасыздар? мектепте сіздерді неге үйретеді?
3. Өмірде неге қол жеткізгілерің келеді?

4. Қазіргі уақытта неге талпынудасыз?

5. Қай пәнді қызығып оқисың?

6. Алға қойған мақсатың қандай? Жетістік дегеніміз не?

7. Жетістікке жету үшін адам қандай қасиеттер мен дағдыларды өз бойына сіңіру керек деп ойлайсыңдар?

8. Өмірлік мұратына, белгілі бір жетістікке жетуге қандай адамның мүмкіндіктері көп болады?

9. Мақсатқа қол жеткізу оңай ма?

- Адам баласы өмірде жемісті ғұмыр кешуді әрі бақытты болуды армандайтыны шындық. Табысты жұмыс жасасам, аңсаған арманыма жетсем деп тілейді. Алға қойылған мақсаттарының орындалуын көксейді. Ал осы үшін әрекет жасайды, тірлік қылады. Дегенмен әркім әрқашан діттеген жерінен шыға алмайды, көксегені де орындала бермейді. Содан барып кейбіреулер тағдырға шағынады. Тіпті жолым байланып қалған деушілер де көптеп кездесіп жатады. Осындай көзқарастарға илеуінде кетіп, тағдырдың тәлкегіне ғана көнуді жол тұтып, алға мақсат қоймай ғұмыр кешетіндер де баршылық. Шынымен де адам тағ-

дыр жолымен жүреді, бірақ та тағдырды ағыс бойымен жүзіп жатқан кеме ретінде санасак, ішіндегі адам кемесінің сол жаққа (бұрыс жолға) немесе оң жаққа (дұрыс жолға) бұрылатынын тандап, қадағалай алады. Сонымен, адам тандау жасай алады, дегенмен, жетістікке жете алады. Ал жетістікке жету үшін оның не екенін білуі керек және оған қалай жетуге болатынын білуі керек.

- Плакат беріп топтар өз ойын жазады, талдайды.

Жетістікке жету жолындағы ұстанымдар:

- Алдына мақсат қою;
- Сені жетістік күтіп тұрғанына үміттену;
- Іске дайын болу;
- Адымыңды анық басу;
- Алға ұмтылу;
- Қорықпау, күмәнданбау;
- Көңіліңді тоқ ұстау;
- Жаңашыл болу;
- Басқалармен кеңесу;
- Тәуелсіз болу;
- Біртұтасты бөлшектеу;
- Жетістіктеріңнің қайдан келгенін ұмытпау.

- Қазақстан Мыңжылдық дамуға арналған БҰҰ-8 мақсатын жүзеге асыру жолында толағай табыстарға жетті. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол — әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс.

Рухани жаңғыру тек бүгіннен басталатын жұмыс емес. Біз тәуелсіздік кезеңінде бірнеше ауқымды іс атқардық. Енді осының бәрінен де ауқымды

және іргелі жұмыстар бастағалы отырмыз, — деп Елбасымыз өз жолдауын жария еткен еді.

- Жетістік дегеніміз — рухани әрі дене қуатының бір мақсатқа бағыттау және сол мақсатқа жету. Қандай да бір істі тындырымды әрі тыңғылықты істеу де — жетістік. Ойдағыдай істелген іс, жоспарланғандай атқарылған жұмыс, мұрат етілгендей орындалған арман-жетістіктің нақ өзі. Сондықтан жетістік — адам бақытының қайнар көзі. Бұл көзді қаншалықты аршыған адам өмірде соншалықты бақыт табады. Бақыт бұлағы адамға өз ләззатын берген сайын кісі бойындағы шаттық сезім де арнасынан аса түседі. Демек, адамның шаттыққа оранып, құмарлана өмірден ләззат алатын, қуанышқа бөленіп, рақаттана шат-шадыман болатын бақытқа жету бірі — жетістік.

Шығармашылық жұмыс.

Оқушыларға «Жетістікке жету жолы!» тақырыбында жоба құру.

Қорытындылау: видеоролик тамашалау. «Бәрі өз қолыңда».

Соңғы тыныштық сәті.

Бүгінгі өткен сабағымызды тағы да ой елегінен өткізіп, тыныштықта баяу әуенмен ойымызды жинақтаймыз. Бүгінгі сабағымызды қорытындылай келе «Мақсат — жетістік желкені» атты сабағымызда кез келген жетістік адамның өзін, оның жақындарын қуанышқа, шаттыққа бөлеуі керек. Өз мақсатына жақындаған сайын оған жету жолы қиындай түсетінін, сол қиындыққа мойымай шыдамдылық, төзімділік таныта білу керек екенін естен шығармаған жөн. Ойлаған арман мақсаттарыңыз орындалсын! Бәрі өз қолдарыңда.

Құрметті «Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері» журналының редакциясы! Сіздерге Ақтөбе қаласындағы №67 ЖББОМ 3 «А» сыныбының өнерлі оқушыларының ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырған шығармаларын жолдап отырмын. Тәуелсіздігіміз баянды, еліміз тыныш болғай!

**Құрметпен,
Айнагүл Абдразақовна СЕРДАЛИНА,
№67 «Жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.**



Тәуелсіз елдің өрендері

Асылай ҚАНАТ



Мен, Қанат Асылай, Ақтөбе қаласындағы №67 ЖББОМ 3 «А» сыныбында оқимын. Былтырғы жылы тәуелсіздіктің 29 жыл мерекесіне орай кластағы балалардан сұхбат алған едім. Менің құрбы-құрдастарымның бәрі де — тәуелсіздіктің өрендері. Олар тәуелсіздік ұғымының қаншалықты бағалы, құнды екенін жақсы түсінеді. Қазақ елінің биылғы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған сұхбат ұйымдастырып, олардың ой-пікірін оқырманға жеткізуді мақсат еттім.

Мерекелік тілек

Алаш Ихсан



Ендігі кезде Тәуелсіздік іргетасы толығымен қаланған егеменді еліміздің шаңырағы шайқалмай, көк туымыз көкте мәңгі желбіресін! Біз — тәуелсіз елдің ұрпағымыз. Біздің міндетіміз — білім алып, мемлекет өркендеуіне өз үлесімізді қосу.

Қалай егемен ел болдық?

Әмина ТЕМІРҒАЛИЕВА



Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін Тәуелсіздік — аспаннан түскен сый емес. Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталады.



Абдсамад ЖАЛҒАСБАЙ Қазақтың ең басты қазынасы

Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ деген ұлтқа ғана тән асыл қасиеттер — асқан қайсарлықпен, болаттай берік күш жігер, табанды рух егемендікке қол жеткіздік.

Нұрсұлтан СУЛТАНСИХ Мәңгілік ел ұғымын қалай түсінесің?

Менің елім — Қазақстан, қазақ елі. Қазақстан атауына «Болашақ» «ғажайыптар елі», «мәңгілік ел» тіркестерінің қосылып айтылуы мен үшін таңғаларлық нәрсе болды. Ғажайыпты жасаушы біздер, жас ұрпақ екенбіз. Мәңгілік елдің тұрғындары — біздер.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кейінгі ұрпаққа көп үміт артады. «Еңбектің кілті — тек білімде» екенін баса айтуда. Халқымның мақтан тұтар азаматы болуға тырысып жүрмін».



Әдемі ӨТЕП Тәуелсіздікті қалай түсінесің?



Тәуелсіздік — көкжиекпен атқан күн, жаңа бүр жарған гүл дер едім. Бұл егемендік — Алланың нұры, берген сыйы. Ақкөңіл дана қазақ аңсаған арманына қол жеткізді.

Көркем ОРЫНҒАЛИ Тәуелсіздікке қалай қол жеткіздік?



1991 жыл — еліміздің егемендік алып, Тәуелсіз Қазақстан деген атпен күллі әлемге танылған жыл. Содан бері 28 жыл өтті. Тәуелсіздік — қайсар батырларымыздың білек күшімен, елім деп еңірген азаматтарымыздың мандай терімен жетті.

Исмаг ЕСЕТ 16 желтоқсан қандай мереке?

Еліміздің ұлы мерекесі — 16 желтоқсан, Тәуелсіздік күні биік дәрежеде аталып өтуде. Бұл күнде ойымызға тәуелсіздік құрбандары оралды. Қазіргі таңда сол батырларымыздың арманы орындалып, мемлекет құру мақсатына жетіп, ашық аспан аясында өмір сүріп жатырмыз.



Жансая ЖҰМАҒАЛИЕВА Жетістікке қалай жетуге болады?



Арман мен үміт келешек, болашақ сынды белестерден бастау алады. Кішкентай кезден бастап алға жоспар қою керек. Біз жоспарлаймыз, армандаймыз. Еңбекпен, талмай оқудың арқасында жетістікке жетесің. Мен үздік оқимын. Би өнерімен шұғылданып жүрмін. Бірнеше жетістіктерім бар. Болашақта Қазақстан спортына үлес қоссам деймін.

Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз

Баулыған балапандарым, қанатын қағып ұшсын деп...



**Сандуғаш
Кабиевна
ОМАРАДИНОВА,
№67 ЖББОМ қазақ
тілі мен әдебиет
пәні мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.**

**Ислам МАРАТОВ,
9-сынып оқушысы**

Қазіргі таңда біз көптеген ақындарды білеміз. Бірақ соның ішіндегі әр қазақтың жүрегінен орын алатын ұлы дана — Абай Құнанбаев. Ол елдің қамын ойлаған данагөй адам. Өте ақылды, данышпан, сөзге шешен адам болған. Абай Құнанбаевтың шығармаларында адамның адамгершілігі, парасаттылығы, имандылығы туралы жазған. Абай Құнанбаевтың қарасөздері де өте керемет жазылған. Ол адамның жақсы мен зиянды әрекеттері туралы жазған.

**Жансен АМАНҒАЛИЕВ,
9-сынып оқушысы**

Жастайынан білім керек деп өскен,
Абай сөзі өте дана, тым көркем.

Ұлы ақынға байланасың егерде,
Тереңіне бойлап өзің бір көрсен.

Ол шығарды көптеген қарасөзді,
Қарасөзге қосты ол дана сөзді.
Қарасөзді оқыды талай қазақ,
Сол сөздерді бағалады талай ғажап.

Абай көптеген шығарды өлең,
Ол өлеңді оқыды көпті көлем.
Ұмытпаймыз ұлы ақынды ұлағаттап,
Ұлы ақыннан аламын өлең жаттап.

**Аружан НӘЖІП,
9-сынып оқушысы**

Қазақ әдебиетінде есімі алтын әріппен жазылған дана, ақылгөй ақынымыз, қазақ ұлтының бетке ұстар қаламгері — Абай атамыз. Қазақ халқының поэзиясының іргетасын қалаған ақын өзінің қырық бес қарасөзін жазған, қалдырып кеткен еді. Онда өмір, дін, ұлт туралы келешек ұрпаққа жазып кеткен.

Абай бала кезінен зерек, ерекше болып өседі. Сол заманның өзінде көзі ашық, көкірегі ояу болып ақындық өмірге аяқ басады. Өлең шумақтары арқылы ой-арманын халық жүрегіне жеткізеді. Мәселен:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас,

- деп жырлаған еді. Ақын өзінің бар ғұмырында дін туралы ғана емес, басқа да өлеңдер жазды. Ол жас ұрпақты түзу жолға, оқуға жетеледі.

Абай атамyzдың арқасында қазіргі жастар оның өлеңдерін, қарасөздерін оқып, түзеліп жатыр. Өлең шумақтарының мағынасын тереңірек түсініп, Абай атамyzдан өнеге алып жатыр. Себебі Абай – қазақ халқының дара ақыны.

Қызғалдақ БИМАҒАМБЕТОВА,
9-сынып оқушысы

Қазақ елін танытқан ақынның бірі – Абай. Ол қазақ елін биік белестерден көрсете білген қоғам қайраткері. Абай Құнанбаев өте ақылды данышпан, ойшыл адам болды. Ол қазақ елінде үлкен маңызды рөл атқарды. Абайдың шығармалары өте әсерлі жазылған және оның шығармаларында терең ой мен мағына зор. Абай Құнанбаевтың қырық бес қарасөзінде адам баласының жақсы, жаман қасиеттері аталған болатын.

Алпамыс ӘЖІМБАЙ,
9-сынып оқушысы

Абай! Ол секілді адам мың жылда бір туады. Оны құрметтемейтін адам жоқ шығар. Оның дана, ақын, жазушы болуы әжесінің, ата-анасының тәлім тәрбиесінің арқасы. Оның балалық шағы әжесінің ертегісін тыңдаумен, кітап оқумен, сауатын ашумен өтті.

Ол бөгде балалар секілді доп қуып, асық ойнаған жоқ. Оның осы кітап оқуы, сауатын ашуы оның өзіне пайда әкелді. Яғни, оның есімінің осы кезге дейін сақталып келуі осының арқасы. Оның шығармасының қызықты, құнды болғаны соншалық тек қазақ ғана емес шетел де оқиды. Мысалы: Америка, Ресей секілді елдер. Яғни, бұл қазақты басқа елге таныту, қазақтың атын шығару. Ол осы өлеңдері арқылы қазақтың кем тұстарын жырлады, жаман қылықтарын айтты. Оның өлеңдерінің арқасында қазақ кем тұстарын түзеді. Ол ешқашан орысқа бағынғысы келмеді. Тәуелсіздік алғысы келді. Ол қазақ үшін басын қатерге тікті. Міне, Абай туралы осындай мадақтаулар өте көп. Біз осындай қазақ елінде дара тұлғамен, яғни, Абай атамyzбен мақтануымыз керек.

Баршынай АЛИЕВА,
9-сынып оқушысы

Бір құдай жаратқан,
Жасасын деп игі іс.
Игі іс жасаған
Абай дер едім мен.

Жаттауға бар өлеңдер,
Оқуға бар әңгімелер.
Айтуға бар қарасөз
Жазуға бар шығарма.

Бәрі кімде бар десен,
Абайда бар дер едім.
Абайдың өзі дана
Сөзі оның дара.

Әлия ЕШПАНОВА,
9-сынып оқушысы

Абай — дана, Абай — дара қазақта,
Дана ата, дара ата қазақта.
Өлеңдерін оқитын ғой қазақтар,
Өлеңдерін жаттайықшы, балалар!

Абай — дана, Абай — дара қазақта,
Әжесі ғой дара қылған қазаққа.
Әжесі ғой білім берген, ілім берген
балаға,
Өлеңдерін жаттайықшы, балалар!

Абай — дана, Абай — дара қазақта,
Әр балаға үлгі болған дана ата.
Жауға батыл, жақынға және әдепті,
Өлеңдерін жаттайықшы, балалар!

Абай — дана, Абай — дара қазақта,
Шын дана, жазушы ғой қазақта.
Үлгі болған қырық бес қарасөзі
Өлеңдерін жаттайықшы, балалар!

Аружан ОЛБТЯН,
9-сынып оқушысы

Абай деген даналардың данасы,
Білім алсақ ақыл берген бәріне.
Абай сөзі ақындардың жалғасы,
Болашаққа бағыт бағдар тәрбие.

Білім берер Абай деген атамыз,
Болашаққа үлкен үміт артамыз.
Абай сияқты ұлыларға бас иіп,
Мәңгілікке сыйлап құрмет тұтамыз.

Абайдың өзі де рас, сөзі де рас,
Абайға тең келетін ешкім болмас.

Әділдікті құрметтеп сыйлайтұғын
Әділсіздің ешқашан жолы болмас.

Дильназ ДАРБАЕВА,
9-сынып оқушысы

Терең ойды ойландырып,
Жүректерді толғандырып.
Еш нәрсеге тайсалмаған
Ақындығы бар бойында.

Әдеби кітап жолында
Қай жақсы бар қазақта көз салар-
лық.

Табармыз шын ғалым шын іздесек,
Жалынарлық Абайға жүр, баралық.

Ойланарлық шатылып ойланбастан
Онамыз ба Абайдан бата алмастан.
Қырық бес қарасөз ойланарлық
Әр түрлі ақылы көп өтпей жатқан.

Білім, әдет, ақылды ойға аларлық,
Надандықпен босқа жүрек сатқан.
Мына заман көрсетер бар қиындық
Абай — дана, Абай — дара қазақта.

Данияр ҚУАНТАЕВ,
9-сынып оқушысы

Абай деген дара тұлға
Қайталанбас әлемде.
Өлеңдері жетелейді
Белгісіз бір әлемге.
Өлеңінде сыр тұнады
Ақыл беріп адамға.
Тұңғыыққа апарады
Құпиясы мол ғаламға.
Қарасөздер, шығармалар
Сезім сыйлар әр түрлі.

Өлеңдер мен поэмалар
Еліктірір әркімді.

Аида БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
9-сынып оқушысы

Қазақтың дарасы,
Ұлы ойшыл, ұлы адам.
Өлеңменен жеткізген,
Ақылменен данасын.
Абай — ұлы,
Абай — дана.
Абай — дара
Өшпестей орын алған қазағымда.
Жетпес оған ешбір адам
Ұқсайыншы деп жасадым бір қадам.
Қарасөзі ой түйдіреді
Өлеңдері жанды тербетеді.
Даналығы даралы
Өшпестей із қалдырды
Жаратты оны бір Алла.

Әмина ИСАТАЙ,
9-сынып оқушысы

Абай — дана, Абай — дара қазақта
Абайды мақтау әр күнде де мадақ
па?

Алтын білім қалдырған бізге атамыз
Берген ілім, өлеңдері аз-ақ па?
Оқитұғын балалардың бәрі де
Тоқитұғын бастарына мәнін де.
Қырық бес қарасөзін дарытқан,
Абай ата бар әлемге мәлімде.
Өлеңдері бар әлемге танылған,
Ән мен күйге, домбыраға салынған.
Абайды оқы білгің келсе бәрін де,
Білімнің бал дәміне малынған.

Абай — дана, Абай — дара қазақта
Қарасөзін әрқашанда ұлықта.
Абайдың бар әндері алтынменен
Жазылғанын ешқашанда ұмытпа.

Нұртуған ҚОСБАРМАҚОВ,
9-сынып оқушысы

Қазақтың көзін ашқан әлемге
Білесіздер ұлы ақын — Абайды.
Болашақта не боларын білген бе?
Ғажайыпты жазып кеткен параққа.
Өшпес мұра қалдырды ол қазаққа
Атақтылық жинамай-ақ халықтан.
Сенбесе де сол кездегі қазағым
Қазіргілер табынады мұраға.
Абайдың қарасөзінде
Көп қой ойлар санасы.
Әр өлеңде бар мағына,
Тұнып тұрған ой сырлар.

Ернұр ДАНИЯРОВ,
9-сынып оқушысы

Абай бізге білім мен тәрбие берді.
Абай қазақтың ақыны, дана да дара
адамы. Абай атамызға төмендегі өлең
жолдарын арнаймын:

Абай — дана, Абай — дара атамыз,
Абай — дара, Абай ақын атамыз.
Абай жолын жазып кеткен
Мұхтар Әуезов атамыз.
Абайдың жазып кеткен сөзі қымбат.
Абайды дара, дана деген елі қымбат.
Абайдың ақындықта жолы болған,
Тәрбие мен тәлім берген сөзі қым-
бат.

Даниел САҚЫПКЕРЕЕВ,
9-сынып оқушысы

Абай Құнанбаев өте ақылды, данышпан, сөзге шешен, керемет ақын болған. Абай Құнанбаев бүкіл елге, әлемге қазақ елін танытқан ақын, керемет тұлғаның бірі. Оның шығармаларында адамзат баласының бойында табыла білетін мінездер мен әрекеттері туралы жазылған болатын. Абайдың қарасөздерінде адамзаттың құндылығы туралы айтылған. Абайды қазіргі таңда бүкіл әлем біледі. Абай қазақ еліндегі үлкен тұлға екенін дәлелдеді. Оның есімі мәңгі жүрегімізде болады.

Абай — дана, Абай — дара қазақта
Бұны кім біледі, кім білмейді сарапта.

Абай атам келмегенде өмірге,
Білімсіз боп кетер едім түбінде.
Абай үйде бекерден бекер жатпаған,
Асық ойнап, доп тебуді тастаған.
Білім алып көркейтем деп елімді,
Абай атам оқулықтар ақтарған.
Абай атам қарайды бізге аспаннан
Не ойлайды кәзір заман тас талқан.
Жыртық шалбар, ұлы таққан сырғаны,

Не боп кетті деп Абай атам сұрайды.
Абай атам тірі болса бүгінде
Болмас еді мұндай заман тегінде.
Абай атам ақылшымыз болар еді
Жастарды тәрбиеге салар еді.

Айдана ЕҢСЕГЕН,
9-сынып оқушысы

Абай — ақын, Абай — дара қазақта
Ұлы ойшыл, ұлы тұлға қазақта.
Өлеңдері тәрбие берер ұрпаққа
Бойды иітіп жан дүниемді тербетіп.
Мәңгі жатталады ойымда.
Абайды білмейтін жан жоқ шығар
Табынушысы да көп шығар.
Абайды мен танымаймын дегендер
Бұл өмірде босқа жүрген адамдар.
Өшпестей із қалдырып
Түзу жолға салғанда.
Абайды танып кетейік
Мына бес күн жалғанда.



Мұқағали – мәңгілік ғұмыр

Ақтөбе қаласының «Қалалық орталық-тандырылған кітапхана жүйесі» КММ қарасты №6 Қарғалы селолық модельді кітапханасының оқу залында Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты поэзия сағаты өткізілді.

Шараның негізгі мақсаты: ғасыр ақыны атанған Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын оқырман жүрегіне ұялату, оқырмандардың өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Мұқағали шығармалары арқылы туған жерін сүйе, махаббатты, сүйіспеншілікті, достықты

өшпес өрнекті ұзақ өмір сүріп, жастардың жүрегіне жарқырап жетіп, жалын кұйып, өзінің жылуы мен жарығын дарытуда. Әрбір оқыған, іздеген сайын ақынның жаңа сырлары аңғарылып, тың толқындары тулап, сырлы саздарын төгуде.

Поэзия кешінде жас оқырмандар ақынның өлеңдерін үлкен сезіммен қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқыды.

«Поэзия менімен егіз бе едің...» атты көрмеге кітапханашы Лесова Лейла библиографиялық шолу жасады.

«Мұқағали Мақатаевтың әнге айналған жырлары» айларымен ақын сөзіне



бағалауға, адалдыққа тәрбиелеу.

Шараға серіктес мекемелерден оқушылар, ұстаздар және ата-аналар қатысты.

М. Мақатаев — адаммен бірге табиғаттан да келісім мен жарасым іздеген ақын. Оның лирикасындағы табиғат — жай сурет, көрініс қана емес, жанды, сезімтал дүние.

Ақын туған жер табиғатын шабыттана, құштарлықпен өлеңге енгізеді. Жас ұрпақты туған өлкесін сүйе үндейді.

Мақатаев атты дарын, алып ақындық талантымен қаншама жылдар өтсе де, өлмес өлеңдерімен өрлей бермек. Оның

жазылған өлеңдерінен домбыра сүйемелдеуімен ән шырқалды.

Мұқағали мұрасы — сөз өнерінің дара мұнарасы ретінде болашаққа апарар құнды қазына болып қала береді. Оның шығармалары мәңгілік ғұмыр жасайды деп сенемін.

Шара сонында кітапхананың белсенді оқырмандары марапатталды.

**Ляззат
КОБЛАНДИНА,
№6 Қарғалы селолық модельді
кітапхананың меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**